

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәүлетбекова, А. Қ. Рауандина,  
Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

## БӘЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

6-СЫНЫП

2-бөлім

Рекомендовано  
Министерством образования и науки  
Республики Казахстан

Көкжиеқ-Горизонт  
2018



Ә0Ж 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Қ17

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина,  
Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Оқулық. 2-бөлім. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәuletбекова, А. Қ. Рауандина ж. б. — Алматы: Қекжиек-Горизонт, 2018. — 159 6.

ISBN 978-601-7832-69-8

Ә0Ж 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-69-8 (2-бөлім)  
ISBN 978-601-7832-68-1 (жалпы)

© «Қекжиек-Горизонт» ЖШС, 2018

## Құрметті жас дос!

Құрметті жас дос! Міне, бүгін қазақ тілін менгерудің келесі сатысына аяқ басып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Бәйшешек» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен биыл 5-сыныптағы «Бәйшешек» оқулығы бойынша алған біліміндегі әрі қарай жалғастырасың. Ерте көктемде қарды жарып шығатын бәйшешек секілді сен де барлық қындықты жеңіп, өз еліңін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін — қазақ тілін, менгересін. Бұл сыйыпта қазақ тіліндегі әртүрлі тақырыптағы қызықты ақпараттармен танысадың, сөздік қорың байиды. Әр алуан тапсырмаларды орындау арқылы өз ойынды, пікіріндегі айтуға үйренесін, тағылым аласың. Атап айтқанда, «Отан отбасынан басталады», «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған ортадағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойынды білдіруге үйренесін. Ал «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?», «Қазақстан қорықтары», «Жер байлығына аяулы көзқарас» «Мениң туған өлкем өлеңдер мен прозада» және «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптары сенің туған жерге деген көзқарасынды қалыптастырады. «Олимпиада женімпаздары — Қазақстан мақтанышы», «Қазақстан және «Ұлы Жібек жолы», «Абайды оқы, таңырқа!», «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Астана — мәдениет пен өнер ордасы» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары сенің бойында елің, жерің үшін мақтаныш сезіміндегі тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды. «Болашақтың мамандығы», «Саяхат және туризм» тақырыптары өзіңің болашақ өміріндегі жоспарлауға көмектеседі, бағыт-бағдар береді.

«Бәйшешек» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби-тілде сөйлеуге дағдыланаңың. Қазақтың ұлы ақыны — А. Құнанбайұлының, атақты ғалым — Ш. Ұәлихановтың мұраларымен танысадың. Ақының ақын М. Мақатаев өлеңдеріндегі, О.Бекеев шығармасындағы қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Әлемге танымал қазақ жазушысы — М. Әуезов пен қырғыз қаламгері — Ш. Айтматовтың дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған белгілі романдарынан үзінділер оқысың. Сондай-ақ тарихи шығармалар жазған Б. Әбілдаұлының, балалар ақындары М. Әлімбаев, Ә. Дүйсенбіев, Ә. Тұрманжановтардың өлеңдерінен тәлім-тәрбие аласың. Ал атақты геолог ғалым — А. Машанов пен жазушы Б. Сүлейменовтің фантастикалық шығармалары сенің қиялышында дамытып, ойынды өсіреді.

Міне, жас дос, сені осындағы қызықты да мазмұнды «Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек» оқулығы асыға күтеді. Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

# 8

## БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ (А.Машановтың «Жер астына саяхат» шығармасы бойынша)

### ОҚУШЫ, ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ОҚИ ОТЫРЫП, СЕН:

- мәтіндерді тыңдай отырып, негізгі және қосалқы ақпараттарды ажырата білуді;
- тірек сөздердің көмегімен тыңдалған мәтіндегі негізгі ойды анықтауды;
- нақты тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қажетті этикеттік сөз орамдарын орында қолдана білуді;
- жағдаятқа байланысты сөйлесүшілермен тіл табыса білуді;
- жаңа сөздерді орнымен қолдана білуді;
- ауызша сөйлеу барысында интонацияны дұрыс қолдануды;
- тақырып бойынша берілген мәтіндерді сызба-кесте түрінде жинақтауды;
- мәтіндегі өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктерін таба білуді, оларды дұрыс қолдана білуді **үйренесің**.

# Мамандық, неген басталған?

1-2-  
сабактар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

мүмкіндік, білікті, сала, арманда,  
дамыт

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



А. Машанов



Әбу Насыр әл-Фараби

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қара.  
Суретте кімдер бейнеленген?  
Олардың арасында қандай  
байланыс бар? Ақпарат  
көздерінен мәлімет тауып, айт.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Кесіпке, мамандыққа қатысты 1 мақал-мәтел, 1 қанатты сөз жаз. Олардың мағынасын түсіндір. Есімдік түрлерін тап.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Берілген етістіктерді болымсыз етістікке айналдыры.

Армандады, еңбек етті, ойлады, тапты, ашты, дамытты.

## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді тында, оқы.

— Табиғатқа қарандаршы. Табиғатта зор жаратылған **алып** көп. «Зор», — десен, кит, «кушті», — десен, піл бар. «Батыл», — десен, жолбарыс, «мықты», — десен, арыстан тұр.

Бізді қоршаған дүние — қайнап жатқан мұхит. Жел соғып, дауыл көтеріледі. Теңіз толқып, аспанға атылады. Найзағай аспанды **күркіретеді**. Табиғаттың тағы басқа да толып жатқан зор, өлшеусіз мықты, мейірімсіз құштері көп. Бұл керемет құштерге адам қалай қарсы келмек?!

Ертедегі адамдар **табиғаттың** сырын үйренуді **армандағы**. Оны тану үшін зерттеу жүргізді, керегін алу үшін еңбек етті. Еңбегін **жеңілдету** үшін **еңбек құралдарын** ойлап тапты. Міне, адамның **кәсіпке, мамандыққа** бейімделуі содан басталды.

**Жаратылыстың** әлі бізге ашпаған сыры өте көп. Біз бар **мүмкіндігімізді** әртүрлі салада **дамытуымыз** керек. Бұл — білімді, білікті, жақсы маман болуды талап етеді.

Табиғаттың өзі ұлы, оның сырын тапқан адам одан да ұлы, — деді Табиғатқұмарлар үйірмесінің жетекшісі — Хасен мұғалім.

А. Машанов

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.  
Жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде не туралы айттылған?
2. Мәтінде табиғат пен адамның байланысы қалай көрсетілген?
3. Сенің ойыңша, кім құшті: табиғат па, адам ба?  
Неге?
4. Адам қай кезде табиғатпен тіл табысады?

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі етістіктердің қай шақта тұрғанын анықта. Кестені толтыр.

№	өткен шақ	осы шақ	келер шақ

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Топтық жұмыс. Мәтіндегі негізгі және қосалқы ойды анықтаңдар. Мәтін мазмұны бойынша әр абзацқа тақырып қойыңдар, тірек сөздерді анықтаңдар. «Оймоншақ» тәсілімен мәтінді баяндаңдар.



## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Суреттердегі жан-жануардың қайсысы мәтінде айттылған? Үлгіні негізге алып, олардың қимыл-әрекетін үш шақта жаз.

*Үлгі:* Кит тенізде жүзді. Кит тенізде жүзіп жүр. Кит тенізде жүзер.



## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, тәмендегі пікірдің қайсысын қолдайтыныңды айт. Себебін түсіндір.

1. Табиғатты адам ешқашан бағындыра алмайды.
2. Табиғатты тануға үмтүліс әртүрлі мамандықтардың тууына әкелді.
3. Табиғат адамға түгел бағынды.
4. Табиғатпен тіл табысу ғана адамды бақытты етеді.
5. Табиғат — ана, сондықтан оны құрметтеу керек!

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Әр үяға табиғатпен байланысты мамандықтарды үш-үштен жаз. Кластерді толтыр.

МӘТИНСОНЫ ЖҰМЫС



## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Рөлдік ойын.  
Табиғатқұмарлар үйірмесінің мүшесі ретінде Хасен ағайға сұрақ қойындар. Пікір алмасындар.



## ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

**13-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып, төмөндегі сұрақтардың жаубын жаз.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## ЕСТЕ САҚТА!

Табиғатта алып көп. Ертедегі адамдар өз мүмкіндігін дамытуды арманадады. Еңбегін жеңілдету үшін еңбек құралдарын ойлап тапты. Табиғатты тану білікті, білімді, жақсы маман болуды қажет етеді.

# «Жер астына саяхат» – мамандықтардың сұрыпты туралы кітап

3-4-  
сабактар

## ЖАҢА СӨЗДЕР:

салыстыр, анықта,  
шығармашыл, талдам

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жер астына саяхат» деп аталатын кітапта не туралы айтылуы мүмкін?
2. А. Машановтың бұл кітапты жазуына не түрткі болуы мүмкін?

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суретте не бейнеленген? Бүгінгі тақырып не туралы болуы мүмкін?





## ТЫҢДАЛЫМ

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, сұрақтарға жауап бер.

**Тірек сөздер:** дарілтеу, тіршілік, пана, таудың маңы, құрал, көніл бөлу.

1. Адам баласы тауды не үшін дәріптеген?

2. Адам тіршілігінің таумен байланысы қандай?

3. «Адамға қару мен құрал беретін де — тау» дегенді қалай түсінесің?

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

Геологтердің тауды зерттеуін дәрігердің адам қарауымен **салыстыруға** болады. Дәрігерлер адамның денсаулық қүйін білу үшін **сыртқы бейнесіне** көз жібереді, одан кейін **тамырын ұстайды**. Өткенін демалысын, жүректің соғуын тыңдайды. Қеудесін қағып көреді, ток жібереді, қанын алып қарайды. Керек болған жағдайда хирургтер операция жасайды.

Геолог те алдымен таудың сыртқы құрылышына қарайды. Тастардың **бітісіне**, жатысына назар аударады. Әр жерін шұқып, тырнап көреді. Ди-намитпен қопарып, «тау қеудесін» тыңдайды. Дәрігерлердің қан алғаны сияқты тау қойынан белгілер алып, **зерттейді**. Соңан кейін керек болған жерде жалаңдаған аспаптармен тауға «операция жасайды». Таудың қарның тесіп, ішін ақтарып, **талдайды**. Ақыры таудың тіршілігін толық **анықтайды**, **тәжірибе жүргізеді**. Оның қазынасын тауып, халықтың керегіне жұмсайды.

Таудың сырын зерттеу — өнер. Оны білу үшін адам білікті, **шығармашыл**, ақылды, оның тасын да сүйе алатында мейірімді болуы керек...

А. Машанов

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Сөздіктің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Мәтіннен есімдіктерді тауып жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтін мазмұны бойынша жоспардың ретін түзеп жазындар. Бір-біріңе сұрақ қойындар.

1. Геологтердің тауды зерттеуі
2. Дәрігердің адам ағзасын зерттеуі
3. Нағыз геологке тән қасиет
4. Таудың пайдасы

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, геологтердің тауды қалай зерттейтінін өз сөзіңмен баянда. «Алдымен», «сосын», «одан соң», «одан әрі», «сөйтіп», «сонымен» секілді сөздерді қолдан.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** А. Машановтың тәмендегі пікірін қалай түсінесің? Ойынды таратып жаз.

... Таудың сырын зерттеу — өнер. Оны білу үшін адам білікті, шығармашыл, ақылды, оның тасын да сүйе алатында мейірімді болуы керек.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**9-тапсырма.** Геологке қойылатын талаптарды қазақ тіліне аудар. Бұл мамандықтың ерекшелігін айт.

Требования к геологу:

- высшее образование;
- опыт составления геофизических и геохимических планов;
- знание порядка и технологии производства геологоразведочных работ;
- знание законодательной базы, касающейся производства геологических работ;
- знание методов подсчета запасов твердых полезных ископаемых;
- знание таких программ, как AutoCad, CorelDraw, ArcMap, Micromine, Gems.
- опыт полевых работ;
- знание государственного языка.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жағдаят: геологиялық экспедицияға маман жинап жатырысың. Экспедицияға қатысуға тілек білдірушілермен сөйлес. Полилогте тақырып бойынша алған білімдерінді пайдалан. Геологке қойылатын талаптарды қамтыңдар.

Сұхбатта «Танысып қояйық!», «Танысқаныма қуаныштымын!», «Рұқсат етіңіз», «Тамаша!», «Құттықтаймын!» және т.б. этикеттік сөз орамдарын қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Бұл — кімнің суреті? Әртүрлі дереккөздерден ол кісі тұралы материал жина. Шағын мәтін құрап, жаз. Ол кісінің атында қандай нысандар барын анықта.



## ОЙТАРАЗЫ

**12-тапсырма.** Мәтінді INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңдар. Әр абзацты не сөйлемді белгілеңдер. Ойларыңды қорытып, жазыңдар.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойыма қайшы, кереғар	Жаңадан білдім	Келісе алмаймын, білгім келеді

### ЕСТЕ САҚТА!

Геологтер алдымен таудың сыртқы құрылышына көз жібереді. Тастардың бітісін анықтайды. Әр жерін шұқып, тырнап, тыңдал көреді, электр тогын жіберіп, тыңдайды. Динамитпен қопарып, «тау қеудесін» тыңдайды. Геолог шығармашыл, білікті, өз туған жерінің тасын сүйтеп болуы керек.

# Ең жақсы мамандық,

5-6-  
сабактар

## ЖАҢА СӨЗДЕР:

сайкес, қаржыгер, сұраныс,  
заңгер, дінтанушы,  
оқытушы, бағдарламашы

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің ата-анаң — қандай мамандық иелері?
- Саған қандай мамандықтар үнайды? Неге?

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суретке қара. Өзің қалаған мамандық туралы айт. Етістіктерді үш шақта қолдан.



## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Отбасы мүшелерінің мамандықтары бойынша постер құра.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Қоғам дамуына орай мамандарға деген сұраныс әрқашан өзгеріп отырады. Зерттеушілердің болжамы бойынша, жақын болашақта инженерлерге сұраныс көбейеді. Өйткені қазір қоғамда кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технологтерге сұраныс көп.

Екінші орында IT-технолог, **бағдарламашылар**, веб-дизайнерлер түр. Бұғынгі таңда кез келген мекеме мен кәсіпорының жеке сайттары бар. Веб-дизайнерлер кәсіпорынды сайт арқылы таныстырады.

Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтар нанотехнологиямен байланысты болады. Нанотехнология ғылымның барлық саласын қамтиды: медицина, білім беру, тамақ өнеркәсібі, мәшине жасау, ғарыш технологиясы және т.б.

Бұғынгі таңда биотехнология, электроника мамандары, маркетинг пен сауда менеджерлері, халықта қызмет көрсету, қаржыгер, зангер, логист сияқты мамандықтар үлкен сұранысқа ие. Қоғамда аспаз, нан өнімдерінің шебері, тігінші, автомеханик, құрылышты, сылақшы, ұста, сәулетші, техник-сантехник, медбике сияқты мамандық, кәсіп иелерінің орны бар.

Халықтың рухани әлемін дамытатын мұғалім, **оқытушы**, **дінтанушы** мамандықтарының орны бөлек.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздерді орыс тіліндегі баламасымен сәйкестендіріп жаз.

қоғамда	востребованный
сұранысқа ие	пищевая промышленность
қызмет көрсету саласы	работодатели
тамақ өнеркәсібі	профессионально-технический
жұмыс берушілер	в обществе
кәсіби-техникалық	в ближайшем будущем
IT-технолог маман	сфера обслуживания
жақын болашақта	программисты
бағдарламашылар	теолог
дінтанушы	специалист IT-технологий

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Мамандыққа сұранысты кімдер анықтайды?
- Зерттеушілердің болжамы бойынша, болашақта қандай мамандық иелеріне сұраныс көбейеді?
- Ол неге байланысты?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құра.

Мамандар болжами, мамандарға сұраныс, тапшылық сезіледі, IT-технолог, бағдарламашылар, оқытушы, дінтанушы.

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Ақпараттың дұрыстығын анықта.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Жұмыс берушілер қазір менеджерлерді іздейді.		
Дәрігерлер зерттеулер жүргізіп, болашақта сұраныс артатын мамандар тізімін анықтайды.		
Веб-дизайнерлер кәсіпорынды сайт арқылы таныстырады.		
Жоғары деңгейде дайындалған сайт кәсіпорынның табысын арттырмайды.		
Болашақта жоғары сұранысқа ие болатын мамандықтар нанотехнологиямен байланысты.		

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша 4 сұрақ жаз. Ол сұрақтарды пайдаланып, парталас досыңмен диалог құр.

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 10-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, диалог құр. Дәптеріңе жаз.

*Тірек сөздер:* мамандық, маман, оқытушы, дінтанушы, таңдау, қызықты, пайдалы, жақсы оқу.


## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. «Техника алмастыра

алмайтын мамандық бар ма?»

тақырыбында ойқөкпар (дебат) өткізіндер. Араларыңнан

ойқөкпарды жүргізетін, бағалайтын сыйыптастарыңды сайлап алыңдар.



## ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

### 12-тапсырма. Шығу парағын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап бер.

1. Өтілген тақырып бойынша не үйренді?
2. Сен үшін тақырып несімен құнды болды?
3. Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
4. Тақырып бойынша басқа қандай ақпарат көздерін оқысын?

## ЕСТЕ САҚТА!

Қоғам дамуына орай мамандарға деген сұраныс өзгеріп отырады. Зерттеушілердің болжамы бойынша, болашақта инженерлерге сұраныс көбейеді. Өйткені қазір қоғамда кәсіби-техникалық мамандарға, инженер-технологтерге сұраныс көп.



# Кімге ұқсазың, келеді?

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР:

талапкер, дәріс, тырыс

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Жақсы тәрбие алу үшін адамға не керек?

Сұраққа мына сызба бойынша жауап бер. Өз ойынды дәлелде.

Жақсы тәрбие  
алу үшін  
адамға

ақыл  
ата-ана  
жақсы ұстаз  
адал дос  
жақсы мінез  
тәртіп

керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суретке

қара. Сөздерден сөйлем құра.

Мамандық, жас да-  
рын, үлттық құндылық,  
құрметтейді, сый-  
лайды, көмектеседі,  
сүйеді, жақсы қарым-  
қатынас, танымал,  
атақты.



## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. «Кімге ұқсағың келеді?» деген тақырыпта досыңмен сөйлес.

Қалаи ойлайсың? Өтте дұрыс айтасың! Керемет! Мен де солай ойлай-  
мын! Ойың жақсы екен! және т. б. этикеттік сөз орамдарын қолдан.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Оқы. Тақырып қой.

Әлемде мамандық өте көп. Маған гуманитарлық сала, өнер саласының мамандықтары ұнайды. Себебі бұл саланың мамандары өнерді сақтауға, үлттық мәдениетті дамытуға қызмет етеді. Жас үрпаққа білім мен тәрбие береді. Абай айтқандай, «Адамның жақсы болуы жақсы ұстаздан».


Әр баланың үлгі тұтатын адамы болады. Менің де еліктейтін, ұқсағым келетін адамым бар. Ол — Шекер ағай. Ұстазымның бойында жақсы қасиет көп: біріншіден, ол — өте білімді, ақылды адам. Ағайдың **дәрісі** қатты ұнайды. Екіншіден, ол кісі — мейірімді адам. Ол кісі біздің әкеміз секілді: барлық оқушыны өз баласында жақсы көреді. Үшіншіден, Шекер ағай — **адал, әділ** кісі. Ол кісі барлық баланы бірдей көреді: жақсы болсан, маңтайды, қателессен, дұрыс жол көрсетеді. **Талапкерлерге** де көмектеседі. Төртіншіден, ол кісі — **талғампаз** адам. Мен ұстазымдай болуға **тырысамын**.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтін бойынша кластерді толтыр.

Әр тақырыпшаның жаңына тірек сөздерді жаз. Өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктерін қолданып, мәтінді баянда.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздерден сөйлем құра.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып жаз.

Әр баланың өзі ... ... адамы болады. Менің де... ... адамым бар. ... кісі ... Талапкерлерге де ... Барлық оқушыны ... ... жақсы көреді. Ағайдың ... ұнайды. Мен ұстазымдай болуға ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 8-тапсырма. Гуманитарлық және техникалық саланың ерекшеліктері мен ортақ белгілерін анықтап, Венн диаграммасын толтыр.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өзің үлгі тұтатын адам жайлы мәтін құра.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Өзіңе кімді үлгі тұтасың?
2. Не себепті?
3. Үлгі тұтатын адамыңың қандай ерекшелігі ұнайды?

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. «Оймоншақ». Топтық жұмыс. «Мамандықтың бәрі жақсы» деген тақырып бойынша мәтін құрандар. 2 минутта көп әрі дұрыс сөйлем құраған топ жеңіске жетеді.

## ТЫҢДАЛЫМ

ОЙТАРАЗЫ

**11-тапсырма.** Әнді тыңда. Мәтінін жат-  
тап ал. Ән не туралы екенін айт.

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Маған ... қызын болды
- Мен ... тапсырмаларын орындағым
- Мен ... екенін түсіндім
- Мен ... үйрендім
- Мен ... таңғалдым

## ЕСТЕ САҚТА!

Ағайдың дәрістері үнайды. Ол  
талапкерлерге көмектеседі.  
Мен мұғаліміме ұқсауға тыры-  
самын.

9-10-  
сабактар

# Әртісken кездесу үйымдастырымыз

## ЖАҢА СӨЗДЕР:

гой, ірікте, тәжірибе

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттегі қай маманмен кездесу өткізгің келеді? Себебін айт.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Өнер саласындағы мамандықтарды сыйза түрінде көрсет. Өз қалауынмен біреуінің ерекшелігін айтып бер. Ол мамандыққа қандай талап қойылатынын болжа.

## ТЫНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Біз бүгін Ғабит Мұсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының әртісі — Досқан Жолжақсыновпен кездесу өткіземіз. Кездесуді біздің сынып ұйымдастырады. Бір апта бұрын хабарландыру жаздық. Кеше окушылар кездесу өтетін залды безендірді.

Саша екеуіміз актер туралы слайд-фильм дайындағы. Қөрнекті әртістің өнері мен өмірі жайлы қызықты деректер іздедік. Қоркем фильмдерден үзінділер алдық. Қызықты суреттер таптық.

Әнел мен Анна кездесудің сценарийін дайындағы. Өнерлі балаларды ірікtedі. Концертті Ләйла апай жүргізді.

Кездесуде Досқан Жолжақсынов өзі таңдаған өнер саласы, актер мамандығының қыр-сыры туралы сұрақтарға жауап береді. Досқан Жолжақсынов — актер ғана емес, өте шебер әнші ғой. Ол кісі домбырамен ән салады. Кездесуден кейін әртіске еңбек сабағында жасаған сыйлығымызды ұсынамыз. Естелікке суретке түсеміз. Біздің көп тәжірибеміз жоқ, бірақ кездесудің сәтті өтетініне сенемін.

Әнел, әртістің өзі де залға кіріп келе жатыр...



## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіннен есімдіктерді теріп жаз. Олардың қандай мағына беріп тұрғанын түсіндір.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Жұптық жұмыс. Мәтінге сүйеніп, әртіспен кездесудің жоспарын кесте түрінде жаз.

№	орындалатын іс-шара	жауапты	мерзімі	нәтижесі
1	кездесудің жоспарын жасау	Анна, Әнел	15 қантар	жоспар
2	кездесудің сценарийін әзірлеу			
3				

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі етістіктерді теріп жаз. Олардың қай шақта түрғанын, қалай жасалғанын айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Фаламтордан Досқан Жолжақсыновтың өмірі мен шығармашылығына қатысты ақпаратты тауып, қысқаша өміrbаянын жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жағдаят: Досқан Жолжақсыновпен кездесуге сен де қатысып отырсың. Қандай сұрақ қояр едің? Сұрағынды жазбаша дайында. Дайындаған сұрағынды айт.

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Белгілі тұлғалардың мамандыққа, маманға қатысты айтқан қанатты сөздерін тауып, жаз. Олардың мағынасын өз сөзіңмен түсіндір.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Қоржын» ойыны. Үш топқа бөлініңдер. Жеребе тастап, кездесуге шақыратын мамандарды таңдаңдар. Бір топ техника саласының маманымен, екінші топ өнер адамымен, үшінші топ экономика саласындағы белгілі тұлғамен өтетін кездесудің жоспарын жасасын. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Кездесуді қалай үйымдастырасындар?
- Кездесу ерекше болуы үшін не істейсіңдер?
- Қонаққа қандай сыйлық ұсынасындар?

## ЕСТЕ САҚТА!

Біз бұгін әртіс Досқан Жолжақсыновпен кездесу өткіземіз. Кездесуді біздің сынып үйымдастырады. Өнерлі балаларды іріктелдік. Концерт бағдарламасын жасадық. Біздің тәжірибелі жоқ. Бірақ кездесу сәтті өтті.

# Нәтиже сабак. Мен не үйрендім?

11-12-  
сабактар

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Рөлдік ойын. Ағаң Қазақстан-Британ техникалық университетіне оқуға түсті. Телефон шалып, ағанды құттықта. Ол үшін ҚБТУ-дағы «газ және мұнай» мамандығы, болашағы, артықшылығы туралы ақпарат жина.

Диалогте етістіктерді, есімдіктерді қолдан.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Фаламтор материалдарын пайдаланып, «Қазақстанның атақты геологтері» деген тақырыпта шағын шолу-реферат дайында. Оны сыныпта қысқаша таныстыр. Мүмкіндігіне қарай сөзінді слайдтар арқылы ресімде.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** «Мамандық» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім
2. зат есімге қатысты екі сын есім
3. зат есімге қатысты үш етістік
4. зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним не метафора (зат есім).

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Шығу параграфын пайдаланып, сұраққа жазбаша жауап беріңдер.

1. «Болашақтың мамандықтары» тақырыбы бойынша не үйрендіндер?
2. Сен үшін тақырыптың құнды жақтары қандай болды?
3. Өзіңнің, жолдастарыңың білімін бағала (өзіңнің, жолдастарыңың жұмысына көнілің тола ма?)
4. Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН...

Сен де – бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та бар, қалан!

Абай

## ОҚУШЫ, БҮЛ БӨЛІМДЕ:

- тірек сөздер, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтауды;
- диалогте өз ойынды жеткізе білуіді;
- орта көлемді шығармаларды түсініп, негізгі ойды анықтауды;
- тақырып бойынша сыйбалармен жұмыс істеуді;
- берілген деректерді пайдаланып, түйіндеңе жазуды;
- аудиопалы келер шақтың қызыметін біліп, аудыша және жазбаша жұмыстарда қолдануды үйренесің.

# Рухани мұрамыз туралы не білесің?

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

«Ұлы Жібек жолы» туралы не білесің?

Бұл жол арқылы қандай сауда-саттық жасалған?

«Ұлы Жібек жолы» қай мемлекеттердің шегарасы арқылы өткен?

«Ұлы Жібек жолының» бойында қандай қалалар болған?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



Алаша хан күмбезі



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

## ТІЛДІК БАҒДАР

Аудиопалы келер шақ етістіктің түбіріне -а, -е, -й жүрнақтары жалғану арқылы жасалады. Аудиопалы осы шақ пен аудиопалы келер шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады.

Мысалы: Мен көліктे келемін — ауыспалы осы шақ. Мен ертең келе-  
мін — ауыспалы келер шақ.

Ескерту: Сейлекен кезде ауыспалы келер шақтың і жағындағы етістіктер  
ықшамдалып (*айтам, келем* т.с.с. түрде) қолданылады.

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

«Ұлы Жібек жолы» — Қазақстан жері арқылы өткен сауда-саттық жолы. Қазақстанның ортағасырылық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары ке-  
зінде археологтер Қытай мен Византия, Иран мен Үндістан елдерінде соғылған  
тенгелер мен ділдаларды тапқан. Алматы қаласының маңындағы Талғар  
қаласының орнын қазған кезде Иранда жасалған қола табақ, қытай фарфоры  
мен жапонның фаянс тостағанының сыйнығы және т.б. бұйымдар табылған.

«Ұлы Жібек жолының» бойымен саудагерлер Ферғананың әйгілі тұл-  
парларын, түие, пілдермен қатар барқыт, жібек, мақпал, торғын маталарды,  
киім-кешекті және т. б. бағалы тауарларды сату үшін алып өткен. Осы жол  
арқылы қант, жүзім, шабдалы, қауын сияқты жеміс-жидек те саудаланған.

«Сен білесің бе?» әнциклопедиясы

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Улкейгенде жазады, ертең барады, келесі жылды сатады, кешке сөйлеседі, түсте ойнайды тіркестерін қатыстырып, сейлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Диалогтегі көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

**Қажетті сөздер:** ескерткіштер, «Ұлы Жібек жолы», жібек матасы.

- Айтолжын, сен ... жайлы не білесің?
- «Ұлы Жібек жолымен» сауда-саттық жасалған. «Ұлы Жібек жолының»  
бойындағы қалаларда жәрменқе өтіп, базар көп болған.
- Ондағы тарихи ескерткіштерді білесің бе?
- Тарихи ... Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Алаша хан құмбезі, шығыс мон-  
шасы бар.
- Ондағы басты тауар не болды?
- Қытайдың ... ... үлкен рөл атқарды.
- «Ұлы Жібек» жолының бағыты қандай?
- Тоғыз жолдың торабындағы Отырар арқылы бірнеше бағытқа  
таралған.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Төмөндегі жоспар бойынша мәтінді мазмұнда.

1. Қазба жұмыстары
2. Жәдігерлер
3. Тауарлар

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен «ұлы», «тауар», «әшекей», «қазба» сөздерінің мағынасын тап. Осы сөздерді қатыстырып, сейлем құра.

**Ұлғи:** «Ұлы». 1. сын есім. Орасан, зор, үлкен, ірі. 2. Асқан кеменгер, данышпан, атақты, озық ойлы. Ұлы ата. Үлкен ата, арғы ата, Ұлы жұз — қазақ халқының этникалық құрамына енетін Жетісу тайпаларының бірлестігі. Ұлы саске — тұс мезгіліне таянған кез. Ұлыстың ұлы күні. Салтанатты, қуанышты, мерекелі күн. Ұлы тұс — тал тұс, шаңқай тұс; күннің қатты ысыған уақыты. Ұлы (ұлу) — бұйрық райлы етістік. Иттің, қасқырдың дауысын созып үн шығаруы.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 8-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді баянда.

Қазақстан жері, ету, Қытай, Орталық Азия, сауда-саттық, қала салу, қолөнер өндірісі, төл ақша, монета шығару.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Қате жазылған сөздерді тауып, себебін түсіндір.

1. Қазақстаннің ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде археологтер Қытай мен Византия, Иран мен Үндістан елдерінде соғылған тенгелер мен ділдаларды тапқан. 2. Иранда жасалған қола табақ, қытай форфорі пен жапон фаянс тостағанының сынығы және т.б. бұйымлар табылған. 3. «Ұлы Жібек жолының» бойымен саудагертер Ферғананың әйгілі жүйрік аттарнің, түйе мен пілтерді, және тауарларды сату үшін алып өткен. 4. «Ұлы Жібек жолы» бүкіл Еуропа мен Азия елдерінің бір-біріпен қатынас жасауына мүмкіндік туғызып, ондағы халықтарды біріктірді. 5. «Ұлы Жібек жолы» Қазақстан жерімен те өткен.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Берілген етістіктерді нақ осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шаққа айналдырып, сейлем құра.

Байланыстыр, өндір, тасымалда, жұмыс істе, бағалан, тарал, қосыл, жеткіз, біріктір, туғыз.

**Үлгі:** нақ осы шақ — байланыстырып отыр; жедел өткен шақ — байланыстырыды; аудиоспалы келер шақ — болашақта байланыстырады.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Ұлы Жібек жолының» бойында орналасқан Испиджаб, Усбаникент, Отырар, Түркістан, Тараз, Сауран, Сығанақ, Сарайшық, Жаңакент қалалары туралы ақпарат жинап, ой бөлісіндер.

### ЕСТЕ САҚТА!

«Ұлы Жібек жолы» — бірнеше мемлекетті байланыстырған сауда жолы. Ол Орталық Қазақстан мен Жетісу жері арқылы өткен. «Ұлы Жібек жолының» бойында дамыған қалалар болған. Қазақстанның ортағасырлық қалаларында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде археологтер көптеген бұйымдарды тапқан.



# Түркістан – тарихи қала

### ЖАҢА СӨЗДЕР

кесене, заулім құмбезді, тәу ету  
(тәгзым ету, табыну, құрметтей),  
тайқазан, шығыс моншасы, гүлден,  
отырықшы, тарал, өрік, мейіз, тие,  
торап

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сөздерді пайдаланып, мәтін құра.

Кесене, ғимарат, киелі жер, тайқазан, шығыс моншасы, хикметтері, дін және тәрбие, мешіт, қасиетті жер.

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретте қандай ескерткіш бейнеленген?



МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Екі мәтіндегі ақпаратты салыстыр.

1. Түркістан — Қазақстан Республикасындағы тарихи қала. Ол бұрын «Ясы» деп аталған. Түркістан Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орталығы болған. Осы кезден бастап қала «Түркістан» деп атала бастаған. 1903 жылы Түркістанда теміржол вокзалы салынды. Қазір де Түркістанды дүниежүзі біледі. Ол «қасиетті жер» саналады («Балалар» энциклопедиясы).

2. Ахмет Ясауи кесенесі – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған тарихи ғимарат. Ол XII ғасырда өмір сүрген, бүкіл Шығысқа аты әйгілі ақын – Ахмет Ясаудің бейітінің басына орнатылған.

Ахмет Ясауи Оңтүстік Қазақстанда, «Сайрам» деген жерде туған. Оның «Диуани хикмет» («Даналық жайындағы кітап») атты діни өлеңдер жинағы бірнеше рет басылған. Ахмет Ясауи өлеңдері жақсылыққа, әділдікке шақырады. Халықты басқа діндегілермен жауласудан сақтандырады.

Кесене 1978 жылдан бастап музей ретінде жұмыс істей бастады («Отырар» энциклопедиясынан).

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді дұрыс құрастырып, жаз.

Есім ханнан бастап Түркістан Қазақ хандығының орталығы болған.

Ахмет деген Сайрам Оңтүстік жерде Қазақстанда Ясауи туған.

Ясауи әділдікке жақсылыққа, Ахмет шақырады өлеңдерінде.

Түркістан Жібек (Ясы) қаласы Ұлы бойында жолының орналасқан.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- |                                   |  |
|-----------------------------------|--|
| — Ахмет Ясауи қандай адам болған? | — Қай қала Қазақ хандығының орталығы болған? |
| — ...                             | — ...  |
| — Ол қашан, қайда туған?          | — Түркістан қандай жер саналады?             |
| — ...                             | — ...  |



## ТЫҢДАЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- «Ұлы Жібек жолы» арқылы Еуропаға не тарады?
- Қазақ халқы нені үйрене бастады?
- Қалалардың ғулденүіне не әсер етті?

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Жағдаят: елге келген туристерге Ахмет Ясауи кесенесін таныстырып.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтіндегі етістіктерді теріп жазып, аудыспалы келер шақта сейлем құра.

Улғи: Орнатқан. Біздің үйге ертең ғаламтор орнатады.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі туралы 6 сұрақ дайындалап, көршіне қой. 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Ескерткіштер туралы фотоколлаж дайындалап, «Ескерткіштер — елдің тарихы» деген тақырыпта әңгімелесіндер.

Қарахан кесенесі

Айша бибі кесенесі

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

Тарихи ескерткіштер

## ЕСТЕ САҚТА!

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі «тарихи ескерткіш» саналады. Ол Түркістан қаласында орналасқан. Мұсылмандар Түркістанды «екінші Мекке» деп атайды. Мен Түркістанға Қожа Ахмет Ясауи кесенесін көруге барамын.

# Дүкенбай Досжан «Жібек жолы» (чзінді)

5-6-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Ұлы Жібек жолы» қай ғасырда пайда болған?
- Бұл жолдың қандай маңызы болды?
- «Ұлы Жібек жолында» қай мемлекеттер сауда жасаған?
- Сауда жолы не себепті «Ұлы Жібек жолы» деп аталған?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Етістіктерді жедел өткен шақ, нақ осы шақ, ауыспалы келер шаққа қойып, сөйлем құра. Сөйлемнің мағынасы қалай өзгергенін түсіндір.

Султанатқа бөлеу, байлыққа белшеден бату, толтыру, салғызу, дамылдау.

**Үлгі:** нақ осы шақ — салтанатқа бөлел отыр; жедел өткен шақ — салтанатқа бөледі; ауыспалы келер шақ — ертең салтанатқа бөлейді.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіннің мазмұнын баянда.

### «Жібек жолы» (үзінді)

...Отырадың бүгінгі құдіреті ше?.. Мәрмәр теңізінен басталып, ежелгі Бабыл жерінен шығып, Үнді жерімен өтіп, Хорезмді басып, Қытайға қарай жүретін «Бас Жібек жолы», «Жау жолы» осы қаланың үстінен өтеді. Саудагерлер Отырадың «Қан базарына» саудасын салады, кең сарайда қонып, дамылдайды, сосын тағы да таусылмас жолға шығады. Осының өзі туған қаласын салтанатқа бөлеп, байлыққа белшеден батыра берді. Атағын дүйім жүртқа жайды...

Әуелде араб жиһанкездері Отырады «Фараб» не «Бәрәб» деп жазып жүрді. Отырады қазір ғұлама, өнерпаз, көріпкел, сәуегей, зергер мекен етеді. Шаһарды екі жұз мыңдай халық мекендейді; көшесінде сан жүздеген тасболат там, жәдігер, кешендер бар; монша, мешіт, саудахана, қышхана, гүртхана, әсем әуіздер, қорған мен соқпақтар бар.

...«Жәдігер» деген — тастан салынған ымырат, «дің үй» деген — түрі киіз үй тәрізді күмбездеп салынған мекен, бұл екі құрылыш та шаһардың орталық көшесінде көп кездесетін.

Үй тас пен кешендерді көбіне диқандар мекендейді. Қаланың шеткі көшелерінде тасболат тамдар көп ұшырасады, тасболат тамдар киіз үй секілді дөңгелек емес, төрт бұрышты не қоржынды етіп салынған. Үйлерінің қабырғасы әрқылы әсем қыштан қаланған, оларға тән тұрақты құбылыш — есіктерінің біркелкі түстікке қарап тұруы еді. Тасболат тамдарды ұсталар, қолөнершілер, тоқымашылар жайлайды.

Д. Досжсан

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаз.

1	2
Отырадың	мекендейді
Бабыл	өтеді
диқандар	кешен
таусылмас	көше
үстінен	құдіреті
тас	тарихшылары

1	2
тасболат	бұрышты
әсем	жері
араб	жол
төрт	әуіз
шеткі	там

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып, жаз. Жоспардағы тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнда.



## ТЫҢДАЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Дұрыс жауапты белгіле.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1. Сығанақ — орыстың ежелгі қаласы.		
2. Шаһар оныншы ғасырда «Сұнақ» деп аталыпты.		
3. Махмұд Қашқаридің еңбегінде Тараз туралы жазылған.		
4. Ясы қаласы «Сақтардың ошағы» дегенді білдіреді.		
5. Қалада зергерлік жақсы дамыған.		

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Жақшадағы сұрақтарға жауап бер. Қажетті сөздерді пайдаланып, сейлемді толықтыр.

*Қажетті сөздер: кітапхананы, жат жерде, кітапханасы, Әнет баба, ұлы, кітаптар.*

1. Әбу Насыр әл-Фарабидің (несі?) Құмбез сарайдың терістік бетіндегі құма етіп салынған түкпіргі бөлмелерде болатын. 2. Әуел баста кітапхана (қандай?) ғұлама туып-өскен «Аққорған» атты қорғанында еді, Отырар шаһарының атағы дүйім жүртқа дабырайған соң Әбу Насыр көзі тірісінде Құмбез сарайға көшірткен. 3. Содан бері сан көп заман өтті, кітапхана иесі (қайда?) қайтыс болды, кітап қоры молыға түсті. 4. Иланшы Қадырхан бүгін сол (нені?) аралап көрмекші еді. 5. Жаңадан (нелер?) қосылды, — соны білмекші. Кітапхана орналасқан бес қатпар қыш бөлменің бас қақпасының алдынан (кім?) ұшырасқан.

Д. Досжан

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сейлем құра.

Құдірет, ежелгі, таусылмас, көріпкел, сәуегей, салтанатқа бөлеу, байлыққа белшеден бату, дамылдау.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Сұрақ сандық» ойыны

Екі топқа бөлініңдер. Ортаға екі сандық қойылады. Оқушылар мәтін бойынша 6 сұрақ құрастырып, сандыққа салады. Екі топ сандық алмасады. Топтағы балалар кезекпен сандықтағы сұрақтарды алып, жауап береді. Қай топтың сұрақтары мен жауаптары дұрыс әрі қызықты болса, сол топ жеңеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Топтық жұмыс.

Дереккөздерден Түркістан  
қаласы туралы ақпарат жинап,  
постер дайындаңдар. Оны  
сынып алдында қорғаңдар.

### ЕСТЕ САҚТА!

Дүкенбай Досжанның «Жібек жолы»  
романын оқыдым. Мұнда «Жібек  
жолының» бойындағы қалалар  
туралы мәлімет берілген. Отыра  
қаласында Әбу Насыр әл-Фарабидің  
кітапханасы болған.

7-8-  
сабақтар

# Отырарлық, ғалым

## ЖАҢА СӨЗДЕР

әүлама, ізгі, надан, бас пайды,  
жұрттың мұддесі, ауызбірлік, негізгі,  
жалғас

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Суретті пайдаланып, Отырақ қаласы туралы шағын мәтін құра.



Отырақ



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтінді оқы. Д. Досжанның өмірбаянын пайдаланып, түйіндемесін жаз.

Жазушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Дүкенбай Досжан 1942 жылдың 9 қырғызегінде Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Құланшы ауылында туған. Қазақ Мемлекеттік универ-

ситетін бітірген. Жазушы, әдеби қызметкер, аға редактор, бөлім менгерушісі болған.

Дүкенбай Досжанның 11 роман, 22 хикаят, 100-ден астам әңгімесі бар. Жазушының шығармалары әлемнің 20 тілінде жарияланған.

Украинадағы «Днепро» баспасының «Тарихи тақырыптағы жақсы кітап» атты сыйлығын алған. Суреткердің есімі АҚШ-тың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-томына, Ұлттық энциклопедияның 3-томына, «Абай» энциклопедиясына енген.

Дүкенбай Досжан 2013 жылдың 15 қыркүйегінде қайтыс болған.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Д. Досжанның «Жібек жолы» романынан алынған үзіндіні оқы. Мәтіннің мазмұнын баянда.

... Ақының ұстазы – Әбу Насыр Мұхаммед ұлы Мұхаммед Тархан Фараби туралы ойлады. Әбу Насырдың «Ізгі қала халқының көзқарастары туралы кітап» деген ғажайып шығармасын еске алды. Ол шығарманы үш рет оқып шыққан. Кітапта ұлы ғұлама қоғам туралы айтқан. Ұстазы қоғамды «толық» әм «толымсыз» деп екіге бөледі. Толық қоғамның өзі үш түрлі: үлкен, орташа және кіші. Үлкен қоғам – бүкіл жержүзіндегі ақылды адамзат; орташа қоғам – белгілі бір ел, мемлекет; кіші қоғамға жеке-дара қала халқын жатқызыған. Енді осы қалалардың өзін «ізгі» және «надан» деп екіге бөледі: «Адамдары бақытты болу үшін біріне бірі көмектесіп отыру мақсатымен бірлескен қала ізгі қала болады, халқы бақытқа жету үшін өзара көмектесіп отыратын қоғам да ізгі қоғам болады», – дейді.

...Надан қалаларды Әбу Насыр сегіз түрге бөледі. Бұл қалалардың халқы бас пайдасын жұрт мұддесінен жоғары қояды, өзімшіл, менмен, мақтаншақ келеді. Олардың ұғымынша, өмірдің ең асыл ләззаты байлықта, билікте. Ауызбірлігі мол, түсінігі терен, бір-біріне қол ұшын беріп отыратын қаласы – осы Отырар емес пе?

Әбу Насыр ізгі қаланы қатты аңсаған. Оның ойынша, ізгі қала тұрғындарының дені бақытты, білімді, өнерлі, зергер, еңбексүйгіш, меймандос, шыншыл болады. Өсек, өтірік, үрлік, бұзақылық жойылған. Жұрт та бір-біріне үнемі ізгі ниетпен көмектеседі, қуанышын қоса көтереді. Ешбір қаламен соғыспайды, бірақ өзгелер шабуыл жасай қалса, тойтарар қайраты мол. Ешкімге есесін жібермейді. Ол қаланың әміршісі де ержүрек, білімді, қылышты емес, кітапты сыйлайтын саналы жан болғаны ләзім.

Д. Досжан

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Иланшы Қадырхан кім туралы ойлады?
- Ол Әбу Насыр әл-Фарабидің қай шығармасын еске алды?
- Ол шығарманы неше рет оқыған?
- Шығармада не туралы айттылған?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Ғұлама, ізгі, надан, бас пайда, жүрттың мүддесі, ауызбірлік.



## ТЫҢДАЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Әл-Фараби — кім?
- Ол — қандай ғалым?
- Ол қандай салаларға қызыққан?
- Ол қай қалада дүниеге келген?
- Ғалым неше тіл білген?

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. 3-тапсырмадағы етістіктерді тауып, қай шақта түрғанын айт.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Көп нұктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, сөйлемді жаз.

1. Ол шығарма... үш рет оқып шыққан. 2. Толық қофам өзі үш түрлі: үлкен, орташа және кіші. 3. Енді осы қалалар... өзін «ізгі» және «надан» деп екі... бөледі. 4. Надан қалаларды Әбу Насыр сегіз түрге бөле.... 5. Олардың үғымынша, өмір... ең асыл ләzzаты байлық..., билікте. 6. Оның ойынша, ізгі қала түрғындарының дені бақыт..., білім..., өнер..., зергер, еңбексүйгіш, меймандос, шыншыл болады. 7. Бөлмелер... тәбесі кілең күмбезденіп қосылған, тас төбе... сәуле түсетін, ауа кіретін дөңгелек ойықтар... бар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құр. Мәтіндегі негізгі ойды түйінде, үш сөйлем жаз. Жоспарыңа сүйеніп, ойынды айт.

# Арыстан бап кесенесі

9-10-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

әулие, жұмырлана өрілу, қызғалдақ  
қауызындаи, құлаш, өлшем



### ЖАЗЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Надан, хикаят, ізгі қала, қоғам, әулие, кесене, қария, тұс, ғасыр, аңыз.

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суретте қандай ескерткіш бейнеленген?



### ТЫҢДАЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінді мазмұнда.

Арыстан бап, кесене, аңыз, Әмір Темір, өгіз, дуал, мүйізімен сүзу, құлату, қария, тұс, жарлық беру, Қожа Ахмет Ясауи.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Диаграмманы толтыр.

МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтін бойынша жоспар құр. Түсінгеніңді айт.

Осыншама алып құрылышты дәлме-дәл өлшеп салуға нендей сызықтар мен өлшемдерді қолданғанын білгісі келді. Бас зергерге сауал қойды.

— Қыпшақ өлшемдері туралы кітап жазып жүрмін, — деп бастады сезін зергер. — Қай үлттың болмасын, өзіндік өлшем заңы бар. Қыпшақ өлшемдері де ешкімнен кем қалыспайды.

Бас зергер өлшем заңдары туралы көп айтты. Бұдан Иланшы Қадырханның ұққаны: әлгі өлшемдер кездейсоқ келтіріле салмайды, ел мен елдің, салт пен дәстүрдің арақатынасынан шыққан.

... Арыстан баба кесенесін әлі тамашалап жүрген. Он қабырғадағы жарма қақпадан өтіп, кіші бөлмеге енді. Төрт қабырға да жарылған қызғалдақ қауызындаі тепе-тең, жұмыр қабырғадан тұрады еken. Ескерткіштің тағы бір ерекшелігі — күмбез астына бірде-бір тұғыр не тіреу қойылмаған. Бас зергердің құрылышы есебіне жетік жан екенине енді көз жеткізді. ...Иланшы Қадырхан мен зергер зәулім ескерткішті көп аралады... .

Д. Досжсан

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Семантикалық картаны толтыр. Түсіндір.

зат есім	негізгі	туынды	курделі	деректі	дерексіз
қызғалдақ					
зергер					
Арыстан бап					
арқан					
күмбез					
ескерткіш					
ұста					

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Диалогті толықтырындар.

Ол нені білгісі келді?

Күмбездің асты немен қапталған?

Бас зергер қандай кітап жазып жүр?

Ескерткіштің қандай ерекшелігі бар?

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жағдаят: сен Түркістан қаласында тұрасың. Досың Түркістанға келетінін айтты. Ол сенен Арыстан баптың кесенесінде қалай баруға болатынын, жұмыс кестесін сұрады. Досыңа Арыстан бап кесенесі туралы айттып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Жақшадағы қажетті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді жаз.

1. Дүкенбай Досжан «Жібек жолы» романында оқырманды қыпшақтардың тарихы, тұрмыс-тіршілігі, өнерімен (бейнеле, таныстыр, жеткіз).
2. «Ұлы Жібек жолындағы» ежелгі қалалар туралы мәлімет (бер, көр, жаз).
3. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің шығармасы туралы (кел, сөйле, айт).
4. Қыпшақ әміршісі — Иланшы Қадырханның өз еліне деген сүйіспеншілігін (өрнекте, дәлелде, суретте).
5. Көрнекті жазуышы Дүкенбай Досжанның «Жібек жолы» романы неміс тілінде Берлин қаласында екінші мәрте (жарық көр, жарияла, оқы).
6. Романның алғашқы аудармасын 1987 жылы «Volk und Welt» баспасы (қой, шығар, көрсет).
7. Романды жоғары бағалаған Лео Кошут пен Рапреҳт Вилноу оны қайтадан (жаз, аудар, қорға), «Verlag Hans Schiler» баспасынан 3 мың данамен (айт, жарияла, көр).

## ЕСТЕ САҚТА!

Дүкенбай Досжан «Жібек жолы» романында Арыстан бап кесенесін суреттеген. Арыстан бап Қожа Ахмет Ясаудің ұстазы болған. Ол бірнеше тілді жақсы білген. Арыстан бап кесенесінде адамдар көп барады. Ол – тарихи ескерткіш.

# «Жібек жолы» жобасы

11-12-  
сабактар

МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

белдеу, ынтымақтастық,  
ықпалдастық, асу, тарту ету, созыл

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Қазіргі кезде «Ұлы Жібек жолы» бар ма?
- Қазақстан қандай елдермен сауда-саттық жасайды?
- Біздің ел экспортқа қандай тауарлар шығарады?
- Қазақстанға ең көп тауар қай елден келеді?
- Оның себебі неде?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғаулықтарды қойып, сөйлемді жаз.

- «Ұлы Жібек жолы» — қоғам ... адамзат тарихындағы аса маңызды жетістіктердің бірі. 2. Ол — Еуропа ... Азия ... Жерорта теңізінен басталып, Қытайды кесіп өтіп, сол заманғы батыс пен шығысты байланыстырып үлкен сауда жолы. 3. ... I-II ғасырда «Ұлы Жібек жолы» арқылы сауда, дипломатиялық байланыс жақсы дамыған. ... VII-X ғасырларда жолдың халықаралық маңызы артқан. 4. «Жаңа Жібек жолы» атты жобада Қазақстанның Азия аймағында ең ірі іскерлік ... транзиттік хабқа айналуы туралы айтты. 5. 2013 жылы Астанада Назарбаев университетінде болған кездесуде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин ... «Жібек жолының экономикалық белдеуін құру» туралы идея ұсынды. 6. ... «Ұлы Жібек жолының» экономикалық белдеуін қолдау ... халықтар достығын күшешту мақсатында Қытай Халық Республикасы «Ұлы Жібек жолымен» мындаған ли» атты халықаралық экспедиция үйымдастырыды.

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой.

2010 жылы Алматыда «Жаңа Жібек жолы: ұлы дәстүрден туризм мен ынтымақтастықтың қазіргі озық үлгілеріне» атты екі күнге созылған форум болды. Бұл форумға «Жібек жолының» бойында орналасқан 25 ірі қаланың мэрлері қатысты. Форумда аймақтық туризмді, өзара ынтымақтастық пен ықпалдастықты дамыту, оны одан әрі жетілдіру туралы айтылды. Форумда аймақтық туризмді дамытудағы кедергілер де сез болды.

«Жібек жолы» бастамасының негізгі мақсаты — сауда, инвестиция және туризм салаларында Орталық Азия мемлекеттері мен Қытайдың экономикалық интеграциясы және аймақтық қарым-қатынасын тереңдету. «Жібек жолы» қалаларының әкімдері бас қосқан алғашқы форум 2006 жылы Ташкентте, кейін Қытайдың Ланъчжоу қаласында өткен болатын.

Форумға «Жібек жолының» құрамына кірмейтін елдер де қатысты. Олардың арасында Иран, Корея, Жапония, Ресей және басқа да мемлекеттер бар.

«Егемен Қазақстан» газеті

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын айт. Осы етістіктерді нақ осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шаққа айналдырып, сөйлем құра.

**Улғи:** болды — жедел өткен шақ; болады — ауыспалы келер шақ; болып жатыр — нақ осы шақ.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

**Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша, ...».

**Екінші сөйлем:** «Себебі ... ескеру керек».

**Үшінші сөйлем:** «Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен: «...» деген шешімге келдім».



## ТЫНДАЛЫМ АЙЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тында. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнда.

«Жаңа Жібек жолы», экономикалық белдеу, тұжырымдама, «Нұрлы жол» бағдарламасы, Қытай Халық Республикасы, Қазақ хандығы, Тараз қаласы, керуен, шай мәдениеті.

## АЙЫЛЫМ

**7-жағдаяттық тапсырма.** Сыныптарың Тараз қаласына Қытайдан келген экспедицияны қарсы алуға арналған мәдени шараны ұйымдастыруы керек. Сынып болып экспедицияны қарсы алудың жоспарын дайындаңдар. Кімнің не істейтінін, неге жауап беретінін нақты көрсетіңдер.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сөйлемдерді дұрыс құрастырып, жаз.

Астанада ауқымды шетелдік жылы атты жобаны инвесторлар кеңесінің 25 Нұрсұлтан Президенті Қазақстан Назарбаев 2012 отырысында «Жаңа Жібек жолы» жариялады. 2. Елбасы өзінің жаңғыртып, Онда Қазақстан Орталық рөлін қайта туралы Азия аймағында транзиттік ірі іскерлік ең және хабқа айналуы айтты. 3. Қурделі атақты Гобби шөлін асуладарды, қалдырған керуен алты артта жер үзындығы шақырым мын жүрген. 4. Форумда кедерілдер аймақтық туралы дамытудағы сөз туризмді болды.

## АЙЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Суреттер бойынша әңгіме құра. Мәтіндегі ақпаратты пайдалан.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Берілген сөйлемдерден мәтін құра.

1. Конференцияда «Ұлы Жібек жолының» бойымен кітап саудасын ұйымдастыру мәселеісі айтылды.
2. Оған әлемнің 10 елінен 100-ден астам баспа, кітап саудасы мен полиграфия саласында қызмет атқаратын компания қатысты.
3. Сонымен бірге «Қазақстан әлемдік баспа үдерісінде: өзекті мәселелер және даму келешегі» тақырыбы бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.
4. Алматыда «Ұлы Жібек жолымен» атты VIII халықаралық кітап және полиграфия көрмесі болды.

#### ЕСТЕ САҚТА!

«Жаңа Жібек жолы» жобасы аясында көптеген іс-шара атқарылып жатыр. Таразға «Ұлы Жібек жолының» бойымен Қытай Халық Республикасының керуені келді.

13-14-  
сабактар

# Нәтиже сабак. Мен не үйреноңдім?

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Суретті пайдаланып, «Ұлы Жібек жолы» туралы айт.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, сөйлемді жаз.

Оның қандай қосымша екенін айт.

«Жібек жолы» — біз... дәүірімізге дейін II ғасыр... бастап, XVI ғасырға дейін қолданылған сауда жолы. Қытай... жібег... осы жол... тасымалданған. Сондықтан ол «Жібек жолы» деп аталған. Бұл жол Қытайдың орталығы... басталған. Ол қазақ... кең далас... басып өтіп, Самарқан, Бағдат қалалары арқылы Жерорта теңізіне дейін созылып жатқан. Оның жалпы ұзындығы 7 мың шақырым... жеткен. «Ұлы Жібек жолы» арқылы кілем... мен мата..., асыл тас..., әртурлі жеміс... әкелінген. Алайда басты тауар – жібек мата болған. («Егемен Қазақстан» газеті)

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

— Хан ием, маңғұл түмендері Сүйіндік асуы арқылы Қаратаудан бері асып келе жатыр.

— Алдағы қол кімдікі екен? — деді Иланшы Қадырхан.

— Меркіт ханы Арсылан көрінеді, — деді Баршын.

— Ошақбай батырдың өзі қайда?

— Топ жігітімен жау алдына аттанған.

Иланшы Қадырхан жанындағы Мақсұтқа қарап, жарлық жасады:

— Қос дабыл ұрындар! — деді.

Бұл — ел басына қатер төнгенде қолды түгел дүрс көтеретін белгі болатын.

... Иланшы Қадырхан тұлпарын көсілтіп ортаға шықты. Жау жағын қалт кідірткен зор дауыспен «Жекпе-жек!» деген сөзді үш мәрте қайталады... Иланшы Қадырханға қарсы Тоғышар ноян шықты. «Ә-ә!» — десіп шабысқан әуелгі шайқаста маңғұлдың қылышы қақ бөлінді...

... Қазақша қазан айының басында Отырарға сұрапыл соққы әкелген тас атқыштар соғысы басталған. Жау Отырарды жан-жағынан қаумалап, ата бастады.

... Иланшы Қадырхан қасына Хисамеддин мен Исмаилды ертіп, Құмбез сарайға аттанды. Фараби кітапханасына келіп жетті. Тұн жамылып кітапхананы көшіруге жарлық жасады. Әуелі кітаптар қатталып, буылды, сыртынан ылғал етпейтіндей етіп терімен оралды, орамдарды қыш құмыраға тоғытты; қыш құмыраның аузы сазбен сыланды. Ең сенімді деген жігіттер әзір болған құмыраларды түйеге артып, Қекмардан мешітіне тасыды. Мешітке жеткен қыруар құмыраны жерасты келиясына түсірді. Иланшы Қадырхан қазынаны өз қолымен жайғастырды. Таң ата Фараби кітапханасы жерасты мекеніне түгел тығылып біткен.

Д. Досжанның «Жібек жолы» романынан

## АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Отырарға кімдер шабуыл жасады?
2. Иланшы Қадырхан кіммен жекпе-жекке шықты?
3. Әмірші Отырардағы кітапхананы қайда жасырды?
4. Отырардың қүйреуі туралы не білесің?
5. Ардақ Әлімқұловтың «Отырардың қүйреуі» фильмін көрдің бе?

## ТЫҢДАЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мазмұнын айт.

«Жаңа Жібек жолы», жоба, экономикалық белдеу, сауда-саттық, хабقا айналдыру.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. «Жібек жолы» экономикалық белдеуі» бағдарламасы туралы ақпарат жинап, көршімен 10-12 үнқатымнан тұратын диалог құр. Диалогте осы бағдарлама аясында өткен, болашақта іске асырылатын шаралар туралы айтыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Дүкенбай Досжанның «Жібек жолы» романы бойынша түсірілген «Отырардың қүйреуі» фильмін көріңдер. Мәтіндегі ақпаратпен салыстырыңдар. Фильм бойынша пікірталас өткізіңдер. Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- дұрыс сөйлеу;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі түрде жеткізу.

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. «Ұлы Жібек жолына» қатысты материалдарды жинап, сыйынпта жүптасып тұсаукесер жасандар. «Жібек жолының» бойындағы қалалар мен тарихи ескерткіштер туралы мәліметті пайдаланыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

## ОЙТАРАЗЫ

**9-тапсырма.** «Бес саусақ» тәсілі арқылы сұрақтарға жауап жаз.

**Бас бармақ — басты мәселе:** Бүгінгі сабактың ең құнды жасавы не болды?

**Балаң үйрек — бірлесу:** Мен топта/жүпта қалаі жұмыс істедім? Кімге көмектестім? Кімді риза қылдым?

**Ортан терек — ойлану:** Бүгінгі сабакта не білдім, қандай дағды қалыптастырудым?

**Шылдырыш — шынайылық:** Сабак маган ұнады ма? Неліктен?

**Кішкентай бөбек — көңіл қүй:** Сабакта өзімді қалаі сезіндім?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Еуразия елдері үшін «Ұлы Жібек жолы» экономикасын қазіргі заман деңгейінде қайта жаңғыру маңызды болып табылады. Ол Азия-Тынық мұхит өңірінен Еуропаға шығатын транзит мерзімін қысқартса отырып, көптеген елдерге игілік әкеледі (Н. Ә. Назарбаев).



10

## **Жер байлығына аяулы көзқарас**

## **ОҚУШЫ, БҰЛ БӨЛІМДЕ СЕН:**

- Қазақстанның жер байлығы, шикізаты, қазба байлығы туралы ақпарат алууды;
  - жаңа сөздерді мәнгеруді;
  - мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтауды;
  - заттарды сипаттауды;
  - ойынды дәйектеп айтуды **үйренесің**.

1-2-  
сабактар

# Қазақстан жарысынан бойынша елімізді араптайды!

АЙТЫЛЫМ

## **1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Сен тұратын мемлекет Жердің қай бөлігінде орналасқан?
  2. Картадан өз мемлекеттіңің географиялық аумағын көрсет.
  3. Сениң мемлекеттің қай елдермен шегаралас?

## ЖАНА СӨЗДЕР

шикізат, қазба, кен, кеніш,  
мәрмар, қорғасын, жез, ері,  
жанғыш, құмтас, мырыш,  
мұнай, құбыр



ТЫНДАЛЫМ

## **2-тапсырма. Мәтінді**

тыңдап, Қазақстанның  
қандай мемлекеттермен  
шектесетінін айт.

АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Картаны пайдаланып, Қазақстанның қандай мемлекеттермен шектесетінін тап. Сөйлем құра.



## ТІЛДІК БАҒДАР

### СЫН-ҚИМЫЛ ҰСТЕУІ

Сын-қимыл ұстеуі қимылдың түрлі сапасын, тәсілін, бейнесін білдіреді. Ол қалаі? қайтіп, қалайша? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: *тез, осылайша, іштей, қазақша, орысша.*

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіннен сын-қимыл ұстеулерін тауып, сұрақ қой.

Қазақстан — ежелгі ел. Қазақстан Еуразия құрлышының тұра ортасында орналасқан. Қазақстанның шегарасын тез аралап шығу мүмкін емес. Ба-тысы мен солтүстігі Ресеймен шектеседі. Оңтүстігі Түркіменстан, Өзбекстан және Қыргызстанмен шектеседі. Шығысы Қытаймен шектеседі. Осылайша, біздің еліміз бес мемлекетпен шектеседі.

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің ма- ғынасын сөздіктен қара. Негізгі және қосымша ақпаратты анықта.


Қазақ жері неткен көркем, неткен бай! Елі алып, жері ұлан-ғайыр. Қазақстанның картасын қарандаршы: оның алып, ұлан-ғайыр екени-не көз жеткізесің. Қазақстан аумағы 2724,9 мың шаршы километрге тең. Қазақстан шегарасының ұзындығы — 15000 километр. Тіпті Қазақ жерінің шығысынан батысина қарай Құн үш сағат өтеді еken. Осындаі алып жер-ге шикізат пен қазба байлықтарды қос! Қазақстан шикізат, қазба байлығы жағынан дүниежүзіндегі 186 елдің ішіндегі ең бай он елдің қатарына кіреді. Қазба байлықтар қорынан мынадай орын алады: қорғасын, вольфрам қоры бойынша 1-орын, күміс пен мырыш қоры бойынша 2-орын, марганец қоры бойынша 3-орын, мыс қоры бойынша 4-орын, уран қоры бойынша 5-орын, алтын қоры бойынша 6-орын, темір кені бойынша 7-орын, жанғыш көмір, газ қоры бойынша 9-орын, мұнай қоры бойынша 13-орын. Бұл — ғаламат байлық.

Орталық Қазақстанда көмір, жез, қорғасын, мырыш, құмтас өндіріледі. Мұнда көмір қоры 200 миллиард тоннадан асады еken. Солтүстікте алтын, темір; шығыста қорғасын, мырыш; оңтүстікте қорғасын; оңтүстік, шығыс, солтүстікте мәрмәр кенорындары бар.

Батыста, Каспий жағасындағы құрлышта 2,2 миллиард тонна, су астын-да 4,5 миллиард тонна мұнай жатыр. Аралдың айналасында 350 миллион тонна мұнай бар. Мұнай құбыры 10715 шақырымға созылған. Міне, Қазақ даласы — осында!


## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Қазақстанның шикізат және қазба байлықтарын сызбаға түсір.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Қазақстан шикізат қоры мен қазба байлығы бойынша әлемде қандай орын алатынын графикке түсір. Түсіндіріп бер.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Қазақстанның қай аймағында қандай шикізат пен кен өндірілетінін кестеге жаз. Түсіндіріп айт.

Орталық Қазақстан	Шығыс Қазақстан	Солтүстік Қазақстан	Оңтүстік Қазақстан	Батыс Қазақстан

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінді кестеге түсір.

Батыс Қазақстанда, Каспий жағасындағы құрлықта 2,2 миллиард тонна мұнай бар. Ал су астында 4,5 миллиард тонна мұнай жатыр. Аралдың айналасында 350 миллион тонна мұнай бар.

## АЙТЫЛЫМ

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**10-тапсырма.** Төменде көрсетілген шикізат, қазба байлықтар қайда қолданылады? Ойыңды дәйекте.

көмір,  
мұнай, газ

Қайда  
қолданылады?

құмтас,  
мәрмәр

қорғасын,  
жез, мырыш

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Қазба байлықтардың ішінен жанғыш кендерді тауып, қай салада қолданылатынын түсіндір.

Алтын, вольфрам, мұнай, құміс, марганец, уран, көмір, мәрмәр, қорғасын, жез, газ, темір, құміс, құмтас, мырыш.

## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сөзбен берілген сан есімдерді санмен жаз.

- Қазақстан аумағы екі миллион жеті жүз жиырма төрт мың шаршы километрге тең.
- Жер көлемі бойынша, Қазақстан әлемде тоғызыншы орын алады.
- Қазақстан шегарасының ұзындығы — он бес мың километр.

## АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар.

- Сен қандай мемлекетте тұрасың?
- Сенің елің қандай мемлекеттермен шектеседі?
- Сен тұратын жерде Қазақстанның мемлекеттік шегара аймағы бар ма?
- Сен тұратын жер қандай қаламен, облыспен не ауылмен шектеседі?
- Сен тұратын жерде қандай шикізат, қазба байлықтар бар?

### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ елі алып, жері ұлан-ғайыр. Қазақстан аумағы 2724,9 мың шаршы километрге тең. Құн Қазақ жерінің шығысынан батысына қарай үш сағат өтеді екен. Қазақстан шикізат пен қазба кендерге бай.

# Ұлы дала елі

3-4-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен тұратын жерде жауын-шашын жиі жауа ма, сирек жауа ма?
- Сен тұратын жерде орманды аймақ бар ма?
- Қандай шөл және шөлейт жерлерді білесің?
- Өсіп тұрған бидайды, арпа, күрішті көрдің бе? Ол қандай жерде өскен?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

баба, шөл, қоңыржай, аймақ,  
бидай, арпа, күріш, топырақ, бедер,  
сарғыш

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Жаңа сөздерді суреттермен қалай байланыстырап едің?

**Жаңа сөздер:** баба, шөл, қоңыржай, аймақ, бидай, арпа, күріш, топырақ, бедер, сарғыш.



## ТІЛДІК БАҒДАР

### Мәлшер үстөуі

Мәлшер үстөуі қимылдың мәлшерін, көлемін білдіреді.

Мысалы: онша, сонша, мұнша, *аназғұрлым*, сондайлық, бірталай, ажептәүір, бірен-саран. Біз бірталай (қанша?) бидай өсірдік. Мен күрішті онша (қаншалық?) жақсы көрмеймін.

## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәлшер үстөуін тауып, сұрақ қойыңдар.

Біздің ата-балаларымыз сонша жерді біз үшін сақтап қалған. Мұншама байлықты сақтау — бізге парыз. Менің әкем көктемде далаға бидай екти. Ол әжептәүір өсіп, бірталай өнім алдық.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Негізгі және қосымша ақпаратты анықта.

Қазақстан — Ұлы дала елі. Ұлы далада біздің ата-бабаларымыз өмір сурғен. Біз – көк аспан мен шексіз жасыл даланы мекендерген Ұлы даланың балаларымыз. Ұлы даланың табиғаты қоңыржай. Мұнда қазба байлықтар да, бидай да бар.

Елімізде төрт климаттық аймақ бар: дала, орманды-дала, шөлейт және шөл аймақтар.

Қазақстан — далалы ел. Дала бүкіл жер көлемінің 26%-ын алады. Жазы ыстық, қысы өте суық. Мұнда негізінен суарылмайтын бидай өсіріледі.

Қара топырақты орманды-далалы аймақ жер көлемінің 0,4%-ын алады. Егіншілік жақсы дамыған. Мұнда суарылмайтын жаздық бидай өсіріледі.

Шөлейт жер көлемінің 10%-ын алады. Шөлейттің климаты құрғақ, тым континентті. Жауын өте аз, көктемнің аяғы мен жаздың басында жауады. Жазы ыстық, қысы суық, ашық аязды құндер көп болады. Жазда өзендердің көбінің суы құрғайды.

Шөл дала жер көлемінің 44%-ын алғып жатыр. Шөлдің ең үлкені — Қызылқұм. Жердің бедері мен құмның түсі қызығылт сарғыш. Климаты құрғақ. Онда жазда аптап ыстық, ауызсу жоқ. Үлғал мәлшері өте аз. Сондықтан өзен бойына суармалы құріш, тез пісетін арпа егіледі.


АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтіннен құрамында антонимі бар сөйлемдерді теріп жаз. Оларға сурақ қой. Қандай сөз табына жататынын анықта.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ


**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Диаграмманы толықтыр. Дала, орманды-далалы аймақ, шөлейт және шөл аймақтардың пайыздық мәлшерін жаз.

дала..... %  
орманды-далалы аймақ ..%  
шөллейт ..%  
шөл ..%



## ЖАЗЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қазақстан аймақтарының ауа райы туралы ақпаратты тауып, жаз.



ЖАЗЫЛЫМ

МАТІНСОНЫ ЖҰМЫС

## **7-тапсырма.** Сурақтарға жауап бер.

1. Сен тұратын жер қандай табиғи аймаққа жатады?
  2. Қазақстанның қай жерлері мәтінде айтылған аймаққа жатады?
  3. Сен тұратын жерде не өседі? Еліміздің қай аймағында бидай, арпа, күріш өсіріледі?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

**Қажет сөздер:** шексіз, қоңыржай, бидай, далада.

- Ұлы ... біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген.
- Біз көк аспан мен ... жа-
- сыл даланы мекендерген Ұлы даланың балаларымыз.
- Ұлы даланың табиғаты ... .
- Мұнда қазба байлықтар да, ... бар.

## АЙТЫЛЫМ


### 9-тапсырма. «Біз Ұлы даланың балаларымыз» деген тақырыпта ой бөлісіндер. Қазақстанды неге «Ұлы дала» дейміз? Мәтінді пайдала-

нып, жауп беріндер. Сұрақтарға жауп беріндер.

- Қазақстан табиғатының қандай ерекшеліктері бар?
- Елімізде қандай аймақтар бар?
- Не өсірледі?

#### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстан — Ұлы дала елі. Ұлы далада біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген. Ұлы даланың табиғаты қоңыржай. Төрт климаттық аймақ бар. Олар: дала, орманды-далалы аймақ, шөлейт және шөл аймақ. Қазақстан — далалы ел. Бидай, арпа, күріш өседі.



# Шыңғыс Айтматов – халық жазушысы

5-6-  
сабактар

МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Ш. Айтматов туралы не білесің?
- Оның қандай шығармаларын білесің?
- Ш. Айтматов — қай елдің жазушысы?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Қанатты сөзді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Түсіндір.

Адамның су мен жер туралы ойлағаны — өзі туралы ойлағаны (*Шыңғыс Айтматов*).

#### Сұрақтар:

- Сен өзің туралы не ойлайсың?
- Жер, су жайында ойланасың ба?
- Жер мен судың саған, басқаларға қандай қатысы бар?
- Не себепті жер, су туралы ойлағаның – өзің жайында ойлағаның болып есептеледі?

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Негізгі және қосымша ақпаратты анықта.

Шыңғыс Тереқұлұлы Айтматов — қырғыз халқының ұлы жазушысы. Ол 1928 жылы туған. Қазақ жазушысы – Мұхтар Әуезов: «Орта Азия мен Қазақстанда Шыңғысқа тең келер қаламгер жоқ. Шыңғыс — қазақ, қырғыз халықтарының ортақ перзенті», — деген еді.

Ш. Айтматовтың балалық шағы Ұлы Отан соғысы (1941-1945) кезінде етті. Сондықтан ол шығармаларында ауыл өмірін, қарапайым еңбек адамдарының соғыс кезіндегі, соғыстан кейінгі өмірін суреттеген. Ш. Айтматовтың шығармалары әлемнің 100-ден астам тіліне аударылған.

Жазушы «Ана-Жер-Ана» повесінде Ұлы Отан соғысы кезінде қыындықты баяндайды. Онда бір отбасының өмірі суреттеледі. Негізгі кейіпкері — Толғанай. Оның жұбайы мен үш ұлы соғыста қаза табады. Одан кейін келіні қайтыс болады. Толғанай жалғыз қалады. Бірақ өмірден түңілмейді. Толғанай өзінің қуанышы мен қайғысын Жер-Анаға айтады. Себебі Жер — барша адамзаттың анасы, асыраушысы. Жер-Ана Толғанайға таусылмайтын құш-жігер береді. Толғанай — соғыс кезінде қыындық көрген аналардың жиынтық бейнесі. Толғанай аналардың көрген қайғы-қасіреттін барлық адамзатқа айтқысы келеді. Жазушы Толғанай образы арқылы қарапайым адамдардың қажыр-қайратын, ерлігін бейнелейді. Қайғы-қасіреттен түңілмеген Ана бейнесі арқылы жазушы өмірдің жалғаса беретінін көрсетеді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың ұлы жазушысы — Мұхтар Әуезов Ш. Айтматов туралы не деген еді?
2. Ш. Айтматовтың балалық шағы қай кезде өтті?

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Суреттерге қарап, жазушы шығармаларында не туралы сөз болғанын айтып бер.



«Жемила» фильмінен көрініс



«Алғашқы ұстаз» фильмінен көрініс



«Ақ неме» фильмінен көрініс



«Ана-Жер-Ана» қойылымынан көрініс

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.

1. Қаламгер шығармаларында нені суреттеген?
2. «Ана-Жер-Ана» повесінде не туралы баяндайды?
3. Повестің негізгі кейіпкері — кім?

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жаз.

*Қажетті сөздер:* тағдыры, кейіпкері, адамзаттың, қайғысын, жұбайы, тұңғымейді, жиынтық бейнесі, ерлігін, қындықты.

1. Ш. Айтматов «Ана-Жер-Ана» повесінде Ұлы Отан соғысы кезінде ел басына тускен ... баяндайды.
2. Повесте бір отбасының ... суреттеледі.
3. Повестің негізгі ... — Толғанай.
4. Оның ... мен ұш ұлы соғыста қаза табады.
5. Бірақ ол өмірден ... .
6. Толғанай өзінің қуанышы мен ... Жер-Анаға айтады.
7. Жер — барша ... анасы, асырап-сақтаушысы.
8. Толғанай — Ұлы Отан соғысы кезінде қындық көрген аналардың ... .
9. Жазушы адамдардың қажыр-қайратын, ... бейнелейді.

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, ой бөлісіндер.

Толғанай не себепті қуанышы мен қайғысын Жер-Анаға айтады.

«Жер — барша адамзаттың анасы» дегенді қалай түсінесің?

Толғанай бейнесі арқылы жазушы адамзатқа не айтқысы келді?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Өз атынан Жер-Анаға сегіз-он сөйлемнен тұратын хат жаз.



#### ЕСТЕ САҚТА!

Шыңғыс Айтматов — қырғыз халқының ұлы жазушысы. «Ана-Жер-Ана» повесінде Ұлы Отан соғысы кезінде ел басына тускен қындықты баяндайды.

# Ш. Айтматов «Ана-Жер-Ана» көвесі (ұзінді)

7-8-  
сабактар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

тілеп алған, ананың ақ сүті,  
зұлымдық, ерлік көрсету, білім,  
талқандаймын, жоқ боламын, өз  
еркіммен, жоқтама

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Мәтіннен сын-қимыл үстеуін тап.

Толғанайдың екінші ұлы — Майсалбек соғысқа кетеді. Ол соғыстан анасына хат жазады. Хатта анасымен қоштасады. Ол өте маңызды тапсырманы орындауға кетеді. Майсалбек анасымен қоштасып, ерлікпен қаза табады. Майсалбек — батыр.

- Толғанайдың неше ұлы бар еді?
- Майсалбек не себепті анасымен қоштасады?
- Майсалбек қандай адам болған?
- Майсалбек хатында не жазуы мүмкін?

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Апа, ақ сүтіңнен айналайын!

Соғысты біз тілеп алған жоқпыз. Соғыс — зұлымдық. Әлемдегі адамдарға қауіпті. Біз онымен құресеміз. «Мен соғыста ерлік көрсетейін» деп ойлаған емеспін. Мен мұғалім болуға дайындалып жүрдім. Балаларға сабак бергеннің орнына қолыма қару ұстадым. Жауынгер болдым. Ол — менің кінәм емес.

Қазір мектепте оқып жүрген жастарға менің алғашқы сабағым — осы. Оларға беретін білімім де — осы.

Бір сағаттан кейін мен кетемін. Отаным үшін бір міндетті орындаімын. Қайта келмеймін. Жауды талқандаймын, өзім де жоқ боламын. Отан үшін, халық үшін, дүниедегі бар жақсылық үшін...

Бұл — менің соңғы хатым, соңғы сөзім. Апа, мың бір рет «Апа!» — десем де, қадіріңе жетем бе? Түсінші, бұл — жай ғана өлу емес. Бұл — өмір үшін өлім. Мен осыған өз еркіммен бардым.

Мені жоқтама, апа! Бұдан былай Жер бетінде соғыс болмасын!

Жылама, апа! Қош бол!

Сенің мұғалім балаң – лейтенант Майсалбек.  
Майдан, 1943 жылдың 9 наурызы, түнгі 2.00.

## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап бер. Ойынды дәйекте.

- Неге соғыс зұлымдыққа жатады?
- Соғыс неге әлемдегі адамдарға қауіпті?
- Қазір әлемнің қай елдерінде соғыс жүріп жатыр?

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарды бір-біріңе қойып, «иә», «жоқ» түрінде жауап беріңдер.

- Майсалбектер соғысты тілеп алды ма?
- Соғыс зұлымдыққа жата ма?
- Соғыс қуанышқа жата ма?
- Соғыста ерлік көрсете ме?
- Соғыста жауды талқандай ма?
- Майсалбек соғысты тіледі ме?

иә	жоқ

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, 5-6 сөйлем құра.

**Тірек сөздер:** тілеп алған, зұлымдық, ерлік көрсете, талқандаймын, өз еркіммен, жоқтама.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Адамдар нені тілеп алмайды? Ойланып, жауап бер.

Адамдар

ауруды  
жақсылықты  
жамандықты  
адалдықты  
қауіпті  
соғысты  
зұлымдықты

тілеп алмайды.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Майсалбектің сөзін қалай түсінесін? Ойынды дәйектеп айт.

Қазір мектепте оқып жүрген жастарға менің алғашқы сабағым — осы.  
Оларға беретін білімім де — осы.

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрындар.

1. Майсалбек — кімнің ұлы?
2. Ол өз еркімен қайда кетті?
3. Соғысқа дейін Майсалбек кім болғысы келген еді?
4. Ол бір сағаттан кейін қайда кетпекші?
5. Майсалбек не себепті : «Бір сағаттан кейін жоқ боламын», — дейді?
6. Майсалбек өлімін не себепті «өмір үшін өлім» деп атайды?

#### ЕСТЕ САҚТА!

Соғыс — зұлымдық. Адамдарға қауіпті. Жауды талқандаймын. Бұл — өмір үшін өлім. Жер бетінде соғыс болмасын!

# Ш. Айтматов «Ана-Жер-Ана» көвесі (ұздығы)

9-10-  
сабактар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

қасиетті, қалпың, мінажат ету,  
орақшылар, жасаптың жатыр,  
бейнеткер, тоз

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Ұлы Отан соғысы туралы кітап оқыдың ба? Көркем фильм көрдің бе?
- Аталарың Ұлы Отан соғысына қатысқан ба?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Жүптық жұмыс. Мақал-мәтелдерді оқыңдар. Жүп болып мағынасын түсіндіріңдер.

Жер — адамның бесігі,  
Ел — бақыттың есігі.

\*\*\*

Жер — ана, адам — бала.

\*\*\*

Жер — байлықтың анысы, әкесі — еңбек.

Жерге еткен жақсылық жерде қалмас.

\*\*\*

Жерді алдаған аш қалар.

\*\*\*

Жердің тойғаны — елдің тойғаны.

Жер тоқ болса, сен де тоқ.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

- Амансың ба, қасиетті далам!
- Аманшылық. Келдің бе, Толғанай? Былтырғы қалпың жоқ, қартайып, тозып кетіпсің! Шашың қудай аппақ, қолында таяқ.
- Өмір зымырап етіп бара жатқан жоқ па, Жер-Ана?! Бүгін — менің мінажат ететін күнім.

— Білемін. Келеріңді білдім, Толғанай. Сен сол күні «бақыт» дегенді түсініп, сыр шерткенсің. Айта бер, Толғанай!

— Қазір айтамын. Сол күндер ертегі секілді.

Орақшылар іске кірісті. Балам Қасымның комбайны бидайды жапырып жатыр. Қасым бидайды ііскеді. Жарықтық дәннің іісі қандай! Кешке қарай жаңа бидайдың наны дайын болды. Жаңа наңды ең бірінші орақшылар жеді. Бұл — бұрыннан келе жатқан дәстүр. Жаңа бидайдың нанының дәмі қасиетті. Түсі қоңыр. Нан сәл езіліп, қолға жабысып тұр. Оның дәміне, күн, жер, тутін сіңген иісіне не жетсін, шіркін!

Қасым комбайнды тоқтатып, қолын жуды.

Дастарқанға отырып, нан турады:

— Ұп-ыстық еken. Ал, апа, жаңа бидайдың нанынан бірінші болып дәм татыңыз, — деді.

Мен наанның дәмін таттым. Наннан комбайншының қолының іісін сездім. Ондай тәтті нан жеп көрген емеспін.

Өйткені ол наңды ұлымның бейнеткер қолы турап берген. Ол нан — елдің өндірғен наны еді. Осы сәтте мен «ана» деген кім, «оның бақыты» не екенін білдім. Бидайдың өнуі сабағы мен жерге байланысты. Ал ананың бақыты баласы мен елінің бақытына байланысты екен. Мен соны түсіндім.

## АЙЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінге тақырып қой. Ойынды дәйекте.

## АЙЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Екі суретті салыстыр. Сұрақтарға жауап бер.

- Бидайдың түсі қай кезде қандай болады?
- Бидайдың түсі өзгеруі нені білдіреді?



## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Суретке қара. Берілген сөздерді қатыстырып, 5-6 сөйлем құра.

Орақшы, іске кірсү, егін басы, жұмыс, комбайн, жапырып жатыр, бидай.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Жұптық жұмыс. Жер-Ана мен Толғанайдың диалогін рөлге бөліп оқындар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Толғанай неге Жер-Анаға сырын айтады?
2. «Мінажат ету» дегенді қалай түсінесін?
3. Толғанай неге Жер-Анаға мінажат етеді?
4. Толғанай Жер-Анаға не туралы айтып берді?

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтіннен Толғанайдың жаңа піскен нанның іісі, дәмі туралы айтқан сөздерін тап. Сипаттап жаз.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**9-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

**Қажетті сөздер:** минајсат, сыр шертеді, қудай аппақ, сөзін жалғап.

Толғанайдың шашы ... . Ол Жер-Анаға ... етуге келеді. Толғанай Жер-Анаға ... . Ол тоқтамай ... айта береді.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар.

Орақшыларға нанды неден дайындағы?

Жаңа наннан ең алдымен кімдер дәм татады?

Не себепті орақшылар бәрінен бұрын дәм татады?

Жаңа нанды қандай бидайдан дайындағы?

Нан қалай піскен?

Нанға қандай істер сіңген?

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** <https://briefly.ru> сайтынан «ajtmatov/materinskoe\_pole» мәтінін оқындар. «Ана-Жер-Ана» повесінің орыс тіліндегі қысқаша мазмұнымен танысындар. Түсінгендерінде сыныпта қазақ тілінде баяндаңдар.

### ЕСТЕ САҚТА!

Жаңа наннан ең алдымен орақшылар дәм татады. Бұл — ескіден келе жатқан салт. АナンЫң бақыты баласы мен елінің бақытына байланысты.

# Нәтиже сабак. Мен не үйрепендім?

11-12-  
сабактар

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырам.** Қазақстанның төрт климаттық аймағының табиғи ерекшелігін сипатта.

1. Далалы аймақ: ...
2. Орманды-далалы аймақ: ...
3. Шөлөйт аймақ: ...
4. Шөл аймақ: ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Үш нұсқаның ішінен қажетті сөздерді тауып, жаз.

Қазақ жері (ұсақ тасты, ұлан-ғайыр, шағын). Қазақстанның картасына қарасаң, оған (түсінесін, білесін, көз жеткізесін). Қазақ жеріне Еуропа түгел (сыяды, кіреді, жатады). Қазақстан мемлекетінің (жерінің, аспанының, шегарасының) ұзындығы — 15 мың километр. Қазақстан Еуразия (ішінде, көлемінде, құрлығында) орналасқан. Еліміз бес мемлекетпен (сөйлеседі, келіседі, шектеседі).

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Сын-қимыл, мөлшер үстеулерін тап.

1. Қазақстанның табиғаты қоңыржай.
2. Соған қарамастан біраз жерінің топырағы онша құнарлы емес.
3. Қазақстанның бірталай жері — орманды-далалы аймақ.
4. Онда бидай, арпа, күріш тез өседі.
5. Орталық Қазақстанда бидай бірталай өседі.
6. Солтүстік Қазақстанда анағұрлым көп өседі.
7. Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстанда бидай бірен-саран шығады.
8. Елімізде мұнай өндірісі тез дамуда.
9. Сонымен қатар шикізаттан мырыш, қорғасын, жез, құмтас, мәрмәр бірталай өндірілуде.

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** <http://worldwide.chat> Чингиз Айтматов «Материнское поле.

Вып. 3. Цикл: Великая Отечественная война в литературе» сайтынан Ш. Айтматов туралы деректі фильмді көріп, жанды дауысын тыңдандар. Түсінгендерінді қазақ тілінде баяндандар.

## Оқушы, бұл бөлімде:

- шарын сюжеттік шығармаларды тыңдалап, кейіпкерлерді сипаттауды;
- тыңдалған мәтіндердің мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыруды;
- тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қажетті этикеттік сөз орамдарын дұрыс қолдануды;
- тірек сөздерді пайдаланып, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыруды;
- жағдаятты шынайы өмірмен байланыстыруды;
- қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа қатысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыруды;
- үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай жазуды;
- мәтіндең етістіктің жедел өткен шағының қызыметін біліп, дұрыс қолдана білуді үйренесін.

**1-2-  
сабақтар**

# Ел нағызының қорғаған Бақытшыр Артаев

## ЖАҢА СӨЗДЕР

жігер, женімпаз, жуулде, оз, жен,  
жуулделі

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстанның қандай олимпиада женімпаздарын білесің?
- Олардың ішінде кімді ерекше жақсы көресің? Неге?
- «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алған олимпиада чемпионын білесің бе?
- Баркер кубогі қандай спортшыға беріледі?

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. Олимпиада женімпаздарын ата. Олардың бірінің жетістігі туралы «Женіс баспалдақтары» деген тақырыпта кластер құр.



## ТІЛДІК БАҒДАР

### ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ

Өткен шақ — іс-әрекеттің сөйлем түрған уақыттан бұрын болғанын білдіретін шақ түрі. Өткен шақтың бір түрі — жедел өткен шақ.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне -ды/ -ді, -ты/ -ті журнақтары жалғануы арқылы жасалып, іс-әрекеттің анық және аз ғана уақыт бұрын болғанын білдіреді. Мысалы: *жесенді, медаль алды*.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Улгіге қара. Есімдіктер мен жедел өткен шақ түлғалы етістіктерді қолданып, олимпиада женімпаздары туралы сөйлем құра.

**Улгі:** Олар биыл «Дүниежүзілік олимпиада женімпаздары» атанды.

Олар, мынау, кім, өзі, кейбіреу, еш, бүкіл.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Оқы.

Олимпиада ойындары Бақтияр үшін сәтті басталды, ол «жеңімпаз» атанды. Алдыңғы финалда камерундық Вили Бертрана Танке **шаршы алаңға** шықпай қойды. 1/8 финалда түркменстандық Алиаскер Башировты отыз үш те жиырма үш есебімен жеңді. Ширек финалда бар жігерін жинап, украиндық Виктор Поляковты айқын басымдықпен, отыз үш те он үш есебімен, тізе **бұктірді**. Халықаралық жарыстарда әлі мойындала қоймаған, айтартықтай үлкен жеңісі жоқ Бақтияр Артаев жартылай финалда танымал ресейлік боксшы, олимпиадалардың **екі дүркін чемпионы**, Баркер кубогінің иегері Олег Сайтовқа қарсы шықты. Небәрі 21 жастағы Бақтияр олимпиада ойындарының фавориті, тәжірибелі Сайтовты жиырма да он сегіз есебімен жеңіп, финалға жетті.

Олимпиадада әлі алтын алмаған Қазақстанның ендігі үміті бокстан финалға шыққан Бақтияр Артаев пен Геннадий Головкинде еді. Бақтияды финалда атағы мен тәжірибесі Олег Сайтовтан кем түспейтін, екі дүркін әлем чемпионы кубалық Лоренцо Арагон күтіп тұрды. 15 жыл ұтылмаған Лоренцо Арагон финалда Бақтияр Артаевтан отыз алты да жиырма алты есебімен жеңіліп қалды.

Сөйтіп, Бақтиядың **бағы жанды**, бәрін **басып озып, жүлделі болды**.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Мәтіннен жедел өткен шақ түлғалы етістіктерді тауып, жаз.

### АЙТЫЛЫМ

#### 7-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 8-тапсырма. Кестеге қарап, мәтінді баянда. Жедел өткен шақ түлғалы етістіктерді қолдан.

##### жартылай орташа салмақ

кезең	споршы	нәтижесі	споршы
1/16	Бақтияр Артаев	АШҚ	Вили Бертрана Танке
1/8	Бақтияр Артаев	33:23	Алиаскер Баширов
1/4	Бақтияр Артаев	АБЖ	Виктор Поляков
1/2	Бақтияр Артаев	20:18	Олег Сайтов
Финал	Бақтияр Артаев	36:26	Лоренцо Арагон

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерінен Бақтияр Артаевтың жекпе-жектеріне қатысты мәлімет жинап, мәтін мазмұнымен салыстыры.

### АЙТЫЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Оқы. Кестедегі сөздерден сөйлем құра. Есімдіктерді тауып, түрлерін ақырат.

Ол —	боксшының	боксқа	жеңе алмады.
Бұл кісі	танымал	бірнеше дүркін	шебері.
Күресте	барлығы	ешкім	жаттықтырушысы.
Боксшыны	олимпиаданың	спорт	жеңімпазы.
Сәбит ағай —	балалар	бірінші	құттықтады.
Кейбір	оны	женісімен	қатысады.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Қазақ боксшылары туралы постер дайында. «Жүлде», «жүлделі», «жеңімпаз», «шаршы алаң», «жігер», «оз» сөздерін қолдан.

### ОЙТАРАЗЫ

### ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Шығу парағын пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабак бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабакта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

### КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Бақтияр жетті жеңіске,  
Өрге озды, түспей еніске.  
Былғары қолғап киген үл,  
Жігерлі бол, беріспе!

### ЕСТЕ САҚТА!

Бақтияр Артаев соңғы бәсекеде бар жігерін жиып, «жеңімпаз» атанды.  
Барлық бәсекелесінен озып, жүлде алды.

# Былғары қолған шеберлері

3-4-  
сабактар

МАТЕРИАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

мартте, сайыс, иегер, жанкүйер,  
жаттықтыруышы, ұт

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Кестедегі есімдіктердің түрін ажырат. Сөз тіркесін құра.

есімдік	зат есім	есімдік	зат есім
бұл	уақытта	сол	женімпаз
әлдебір	кісі	бүкіл	мақтанышымыз
барлық	адам	бірде-бір	балуансың
ешбір	ойым	біздің	жылдары
өз	себеп	сен	жарыс бойында

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөз тіркестерінен сөйлем құрап, жаз. Есімдіктердің түрлерін ажырат.

Мен үшін, былғары қолғап шебері, өз ұпайы, бүкіл жанкүйер, кейбір жаттықтыруышы, ұлттық құраманың бірде-бір командасы, ешқашан женілмеген.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Суретке қара.

Ақпарат көздерінен  
спортың осы түрінің тари-  
хы туралы мәлімет жина.  
Айтып бер.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Оқы. Мәтінге тақырып қой. Мәтіннің негізгі идеясын айт.



2000 жылы Сидней олимпиадасында Тәуелсіз Қазақстан әлемге танылды. Алғашқы **сыйыста** алтын медальді үлттық құрамадағы 20 жастағы спортшы — Бекзат Саттарханов әкелді. Артынша Ермакан Ибраимов алтын медальмен, ауыр салмақтағы Мұхтархан Ділдәбеков күміс медальмен марапатталды. Осылайша, олар бірнеше **мәрте** нағыз бокстың үлгісін көрсетті.

2004 жылы Грекияда өткен Олимпиада ойындарында да былғары қолғап шеберлер «жеңімпаз» атанды. Бақтияр Артаев алтын медальдің иегері болды. Ол қазақ спортшыларының арасында тұнғыш рет Вэл Баркер кубогының иегері болды. Осы бәсекеден кейін Геннадий Головкин мен Серік Елеуов те қарсыластарын үткіп, **жанкүйерлерді** қуантты. Олар күміс, қола медальдармен марапатталды.

2008 жылы Пекин олимпиадасында 69 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Бақыт Сәрсекбаев алтын медаль, 81 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Еркебұлан Шынәлиев қола медаль алды.

2012 жылғы Лондон олимпиадасында Серік Сәпиев бірінші орын алып, Вэл Баркер кубогын иеленді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Үлгіге қара. Мәтіндегі жаңа сөздерді жедел өткен шақта түрған етістіктермен тіркестіріп жаз.

Үлгі: сайыста жеңді

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша жоспар құр. Тірек сөздерді теріп жаз.  
Жоспарың бойынша мәтінді баянда.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақ жеріне алтын медаль әкелген ең жас спортшыны білесің бе?
- Грекияда өткен олимпиада ойындарында алтын медаль иеленген Қазақстан спортшысы туралы не білесің?
- Серік Сәпиеv қай олимпиаданың жеңімпазы болды?
- Қазақстанда Вәл Баркер кубогын кімдер иеленді?



## ТЫҢДАЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Диалогті жалғастыр.

- Қазақстанда алғашқы бокс мектебі қай жылы ашылды?
- ... .
- Оны кім ашты?
- ... .

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Тақырып бойынша өткен материалды INSERT стратегиясы бойынша талда. Әр абзацты не сөйлемді белгіле. Ойынды қорытып жаз.

«V»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойыма қайшы, кереғар	Жаңадан білдім	Келісе алмаймын, білгім келеді

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сөйлемді оқы. Түрлі ақпарат көздерінен қыздар арасындағы бокс туралы мәлімет жина. Өз сөзіңмен мәтін құра.

2012 жылғы Лондон олимпиадасында қыздар арасынан тұнғыш рет Марина Вольнова қола медаль иеленді.



### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Ақпарат көздерінен өзің үлгі тұтатын отандық боксшы туралы ақпарат жина. Ол туралы шағын мәтін құра. Мәтінге тақырып қой. Жазған мәтінінді сыныпта ауызша жеткіз. Өз ойынды таратып айт.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда бокс мектеби XX ғасырдың 30-жылдары ашылған. Былғары қолғап шеберлері Қазақстанның әлемге танытты. Олар намыс пен бәсекелестіктің үлгісін көрсетті. Қарсыластарын үтты. Сейтіп, спортшылар жаттықтыруышысын, жанкүйерлерін қуантты.

# Қай спорт секциясына жазылдың?

5-6-  
сабактар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

алайда, табанды, тынымсыз,  
жұдышықтас, зілтемер

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретке қара. Балалардың қай секцияға барып жүргенін айт.  
Әңгіме құрап жаз.



### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сен қай спорт секциясына барадың? Секция туралы айтып бер.

баскетбол

футбол

шанғы

күрес

### Спорт секциялары

ауыр  
атлетика

бокс

ТОФЫЗ-  
құмалақ

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп, сейлеу интонациясын сақтап оқыңдар.

- Әлібек, сен биыл спорт секциясына жазылдың ба?
- Иә. Өткен жылы футбол секциясына барғам. Биыл қазақша күреске жазылдым.
- Онда немен шұғылданасындар?
- Күн сайын үш сағаттан тынымсыз жаттығамыз.
- Жаттықтырушыларың — кім?
- Жаттықтырушымыз — атақты балуан.
- Жаттықтырушыларың қатал ма?
- Жоқ, жаттықтырушымыз қатал емес, қазақша күрестің талабы қатал. Күресуден бөлек, **кейде жұдырықтасамыз, кейде зілтемір көтереміз**. Өйткені қазақша күрес күштілікті, табандылықты қажет етеді. Ал жену, үту — басты мақсат.
- Қандай керемет! Мен де қазақша күреске жазыламын.
- Өте жақсы. Қөріскенше!

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөздерді сөздік дәптеріңе жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Саша қазақша күрес секциясына барып жүр.		
Әлібектің жаттықтырушысы қатал.		
Әлібек былтыр футбол секциясына барған.		
Қазақша күрестің талабы қатал емес.		
Олар күрес секциясында зілтемір де көтереді.		
Күрес күштілікті, табандылықты қажет етпейді.		
Әлібектің жаттықтырушысы — атақты балуан.		

## АЙТЫЛЫМ

## МЕТИНМЕН ЖҰМЫС

### 6-тапсырма. Берілген сөздердің синоним, антоним, омонимдерін тап.

Түсіндір.

**Синонимдерін тап:** шұғылдану, атақты.

**Антонимдерін тап:** қатал, күшті.

**Омонимдерін тап:** жаттығу, жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, «Қазақша күрес секциясына барғың келе ме?» деген тақырыпта диалог құрындар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Қазақтың үлттық спорт ойындарын жазып, диаграмманы толтыр. Өзің қалаған спорт түрі туралы айтып бер.



## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақша күрестің талабы  
қатал. Күресуден бөлек, кейде  
жұдыштықтасамыз, кейде зілтемір  
көтереміз. Өйткені қазақша күрес  
күштілікті, табандылықты қажет  
етеді. Ал жену, ұту — басты маңсат.

7-8-  
сабақтар

# М. Әлімбаев «Шынықсан, шымыр боларсың...»

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

мәре, мерей, үлес, ұпай, баулы,  
көзде, жар

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Қазақстанның атақты спортшыларына қатысты сөзжүмбак  
құрастыр.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Ойлан, тап. Жұмбақтарды шеш. Жұмбақ пен суреттерді сәйкестендір.

Бала біткен соғады Жеңіл шарды домалақ. Ұрсаң, ұшып жоғары, Жерге түсер домалап.	Мінсем, Тәменге зу етем, Өрлесем, оны өзім сүйретем.	Табанға қанжар байладым, Бетінде айна ойнадым.	Аяғымда — басы қайқы қос сырқы. Таяғым да қуады оны састырып.
			

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

- Суретте кім бейнеленген?
- «Мұзафар Әлімбаев» деген есім таныс па?
- Ол кісінің балалар ақыны екенін білесін бе?
- Ақпарат көздерінен Мұзафар Әлімбаев туралы дерек тауып, мәтін құрап жаз.



## ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** Спортта беделді болудың сыры неде? Пікірді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, ой бөлісіңдер.

**Тірек сөздер:** басты мәселе, топты жарып, мәрекеге бірінші жету, елін суюі, үлес қосуды көздеуі, елжсандылық, баулу, халықтың құрметі, ақшага сатылмау, үлес қосу, бақ жүлдізы.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Өлеңді тыңда. Оқы.

Сағаттың тіліндей Иіліп онға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір. Сағатқа қарап ап, Жаттығу оңай-ақ.	
Қақпаға туралап, Теп допты, оң аяқ, Қақпаға туралап, Теп допты, сол аяқ! Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ!	
Доп <b>безек қағады</b> , Секіріп еденде Біресе жоғары, Біресе тәменге. Секіріп сондай-ақ Жаттығу оңай-ақ!	
Қарлығашқа ұқсайық, Қане, қанат жаяйық! Қарлығаш бол ұшайық, Ұшып-ұшып алайық! <i>Мұзатар Әлімбаев</i>	

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндеңі қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тауып, жаз. Оларды түсіндіріп айт.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлең не туралы?
2. Өлеңге қандай тақырып қоюға болады?
3. Жаттығу қай кезде жасалады? Неге?
4. Сен күнде жаттығу жасайсың ба?
5. Жаттығудың адамға қандай пайдасы бар?

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Улгіге қара. Өлең шумақтарынан жаттығуға қатысты сөз тіркестерін теріп жаз.

**Улғи:** оң аяқпен допты *теп*, сол ақпен допты *теп*.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Өлеңді оқы. Улгі бойынша өлеңдегі жаттығу талаптарын өз сөзіңмен айт. Жаттығуларды кезек-кезекпен сыныпқа орындаңыңдар.

**Улғи:** Бірінші жаттығуды орындаімыз. Қолымызды белімізге қоямыз. Сағат тілі секілді екі рет оңға, екі рет солға илеміз! Тағы да қайталаімыз.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Суретке қара. Балаларға ат қой. Олардың не істеп жатқанын айт. Сипатта.



### ОҚЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Улгіге қара. Сөйлемдерді толықтырып оқы. Ұыңғайына қарай есімдіктерді қолдан.

**Улғи:** Мен таңертен әрқашан жаттығудың барлық түрін жасаімын.

Мен ... жаттығу түрлерін орындаімын. Жаттығуды адамдар күн сайын ... орындауы керек. Жаттығуды орындау ..., ..., ... қажет етеді. ... кісі — біздің жаттықтырушымыз.

### АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Түрлі ақпарат көздерінен таңғы жаттығу туралы ақпарат жинаңдар. Сол ақпарат бойынша постер құраңдар.

## ЕСТЕ САҚТА!

Сағаттың тіліндей  
Иіліп оңға бір,  
Сағаттың тіліндей  
Иіліп солға бір.  
Сағатқа қарап ап,  
Жаттығу оңай-ақ (М.Әлімбаев).

# Ә. Дүйсенбіев «Күшті болсам егер мен...»

9-10-  
сабактар

МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

елен қылмау, тендесі жоқ, жою

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мына суреттегі кейіпкерлер саған таныс па? Олар туралы не білесін?
- Бүгінгі сабағымыз не туралы болуы мүмкін?



## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Өзің оқыған ертегілер бойынша сиқырлы күшке ие болған кейіпкерлер туралы сөзжұмбақ құра. Сөзжұмбақтың сұрақтарын жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Жағдаят: сен оқушылар арасында өткен спорт жарысында бас жүлдені женіп алдың. Жүлденің көлемі — он миллион теңге. Қайда жұмсайсың? Тележурналиспен сұхбаттас.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

**4-тапсырма.** Өлеңді рөлге бөліп оқындар. Өлеңге тақырып қой. Ойынды негізде.



**Елең қылмай** күнді ыстық,  
Ойнап жүрген батырмыз.  
**Көл шетінде** – тыныштық,  
Әңгіме айтып жатырмыз.

— **Тендерсі жоқ** жалғанда  
Мықты болсам мен тіптен.  
Екі-үш үрттап қалғанда,  
**Құрғай қалса** көл біткен, —  
дейді Ақан, — Үйінді  
екі-ақ теуіп, **жояр ем**.  
Пойызды сол күйінде  
**Бір-ақ жұтып** қояр ем!  
— Мықты болсам, — дейді

Асқар  
Соған тиіп сөз енді, —  
Алып келіп дәү тастар,  
**Бөгер едім** өзенди.

— Үйлерді сен құлатқан  
Қайта салып қояр ем.  
Ағаш егіп ұнатқан,  
Жемісіне тояр ем.

«Жолаушылар жолынан  
Кешігеді-ау көп қалып», —  
Деп, пойызды қолыңан  
Жіберер ем **құтқарып**.

Әнуарбек Дүйсенбиев

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздіктен қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын тауып, жаз. Оларды керекті сөзбен тіркестіріп оқы. Есімдіктер мен етістіктерді тап.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Балалар өзенде шомылып жатыр.		
Балалар өзен жағасында әңгімелесіп жатыр.		
Ақанның қалауы — теңдесі жоқ құшті болу.		
Ақан көлдерді екі үрттап тауысуды қаламайды.		
Ақан үйлерді бұзуды қалайды.		
Асқар пойызды жұтып қойғысы келеді.		
Асқар үлкен тастармен өзенді бөгеп қоятынын айтады.		
Үшінші бала өте бұзық.		
Үшінші бала пойызды құтқарғысы келеді.		
Үш кейіпкер де — жақсы балалар.		

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Өлеңде аталатын заттардың суретін тап. Олар туралы қай кейіпкер не деді? Ойынды айт.



## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Өлеңді өз сөзіңмен баянда. Үш кейіпкерге мінездеме жаз.

МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Ақпарат көздерінен өлеңнің авторы туралы мәлімет жина. «Әнуарбек Дүйсенбиев — балалар ақыны» деген тақырыпта мәтін жаз. Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы ой бөлісіндер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Суреттерге қарап, спорт пен жаттығудың пайдасы туралы мәтін құрастыр.



ОЙТАРАЗЫ

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Сөйлемдерді толықтыр.

- Маған ... қызын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындағым.
- Мен ... екенін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мен ... таңғалдым.

## ЕСТЕ САҚТА!

— Үйлерді сен құлатқан  
Қайта салып қояр ем.  
Ағаш егіп ұнатқан,  
Жемісіне тояр ем.  
«Жолаушылар жолынан  
Кешігеді-ау көп қалып», –  
Деп, пойызды қолыңан  
Жіберер ем құтқарып.  
**Ә. Дүйсенбиев**

# Нәтижесі сабак. Мен не білдім?

11-  
сабак

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Оймоншақ». Жеребе тастау арқылы Жіктеу, Сілтеу, Белгісіздік, Өздік, Жалпылау, Болымсыздық есімдіктері болып, алты топқа бөлініңдер. Әр топ өз атына сәйкес келетін есімдіктерді қолданып, оймоншақ тәсілімен «Ол — олимпиада чемпионы» деген тақырыпта мәтін құрасын. Қай топ мағыналы әрі көркем мәтін құраса, сол топ жеңіп шығады.

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суреттерге қарап, спорт пен жаттығудың пайдасы туралы шағын мәтін құрастырып жаз.



Мақал-мәтел:

Шынықсан, шымыр боласың.



## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Суретте кім бейнеленген? Ақпарат көздерінен спортшы туралы постер құра. Жұмысында сыныпта қорға.



## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Осы тақырыптан алған әсерім» деген тақырыптағы кестені толтырыңдар.

ОЙТАРАЗЫ

Қандай ой пайда болды?	Не сезін-дім?	Не үнады?

#### Оқушы, бұл бөлімде:

- тірек сөз, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтауды;
- тұра және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдануды;
- теңеу, әпитеттерді қатыстырып, жазба жұмыстарды орындауды;
- себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін біліп, оларды дұрыс қолдануды үйренесің.

1-2-  
сабактар

## Абай – лирик ақын

#### Мәтіналды жұмыс

#### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерде жылдың қай мезгілдері бейнеленген? Жыл мезгілдері туралы қандай өлең, мақал-мәтел білесің? Сөйлем құра.



#### ЖАҢА СӨЗДЕР

шеберлік, данышпан, надандық,  
рақымшыл, сипатта, өнерпаз,  
суретте, әділетсіздік, таңырқа,  
талаптан

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Абай – кім?
2. Ол қай кезде өмір сүрді?
3. «Табиғат лирикасы» дегенді қалай түсінесін?
4. Абайдың табиғат туралы қандай өлеңдері бар?

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар

Себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтар: себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті.

Себеп-салдар жалғаулықтары салалас құрмалас сейлемдегі жай сейлемдерді байланыстырады.

## МЕТИНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтін бойынша жоспар құр.

Абайдың әкесі — Құнанбай оқуды, білімді бағалаған. Ол өзінің балаларын қалаға жіберіп оқытқан. Анасы — Ұлжан сабырлы, тапқыр адам болған.

Абай өлеңді он екі жасынан бастап шығарған. Әкесі Абайды он жасында оқуға берген. Ол Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқиды. Кітапты бір рет оқып, екінші рет кітапқа қарамай, жатқа айтып шығатындей зерек, ұғымтал бала болған. Ол көп талаптанған. Абай медреседе Науаи, Сағди, Физули сияқты ақындардың шығармаларымен танысқан. Ол мұсылманша оқумен шектелмей, Семей қаласындағы Приходская школаға түсіп, орысша да оқи бастаған.

Сабактарды оқып, білу Абайға оңай болған. Сондықтан барлық уақытты өз бетімен кітап оқуға жұмсаған.

Мұхтар Әуезов

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөздерді дұрыс түлғада қойып, сейлем құра.

1. Абайдың әкесі — Құнанбай (тамақ, білім, ат) бағалаған. 2. Анасы — Ұлжан (ұрысқақ, тапқыр, сабырсыз) адам болған. 3. Ол (мешіт, мектеп, медресе) үш жыл оқиды. 4. Ол мұсылманды (оқу, жазу, айту) шектелмей, орысша да оқи бастаған.


## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Диалогті толықтырындар.

- ..... ?  
— Абай өлеңді он екі жасынан бастап шығарған. ..... ?  
— Абай он жасында Семей қаласына оқуға келген.  
— ..... ?  
— Ол Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқиды. ..... ?  
— Ол өте ұфымтал бала болған.  
— ..... ?  
— Абай медреседе Науай, Сағди, Физули сияқты ақындардың шығармаларымен танысқан.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Диаграмманы толтыр. Диаграмма бойынша мәтін құра.



## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін бойынша пікірлерінді жазыңдар (уақыт мөлшері: 7-8 минут).

1. Өзіндік пікір (идея): бір сөйлем
2. дәлел: екі сөйлем
3. өз пікірін айғақтайтын мысал: екі сөйлем
4. өз пікіріне қарсы пікір: бір сөйлем
5. қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал: екі сөйлем
6. қорытынды: екі сөйлем



### ТЫҢДАЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Жаңа сөздерді ата.

1. Абай — қандай ақын?
2. Ол өлеңдерінде нені жырлады?
3. Ақынның табиғат туралы қандай өлеңдері бар?
4. Абай табиғатты қалай суреттейді?

### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Себеп-салдар жалғаулықтарын пайдаланып, сөйлем құра.

*Улғі: Абай — даныштан, себебі ол көп кітап оқыған.*

Себебі, сондықтан, сол себепті, сол үшін.

### АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қосымша ақпарат көздерінен Абайдың табиғат лирикасы туралы ақпарат жинаңдар. Осы тақырып бойынша ой бөлісіндер.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Абайдың жыл мезгілдері туралы өлеңдері бар. Ол табиғатты шебер суреттейді. Абай өте ұғымтал бала болған.

# Жазғыштыры қалмайды қысмың, сыйзы

3-4-  
сабактар

МАТЕРИАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

жазғыштыры, масатыдай құлпыру,  
елжіреу, сыз, шаттан

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша бірнеше сөз не сөз тіркесін ата. Барлық сүретке ортақ сөздерді тап. Осы сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Етістіктерді нақ осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ тұлғасында қолданып, сөйлем құра. Сөйлемнің мағынасы қалай өзгергенін айт.

Өлең шығар, оқуға бер, оқы, бол, таныс, шектелме.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Өлеңді оқы. Бес асыл іс пен бес жаман нәрсені ата. Өлеңнің жалғасы не туралы болуы мүмкін?

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол...

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Мәтін бойынша бірнеше сұрақ дайында.

#### Жазғытұры (үзінді)

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер құннің көзі.

... Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда  
Сыбдыр қағып бұранდап ағады су.

...Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,  
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.  
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,  
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Абай Құнанбайұлы

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, көп нұктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

1. Жазғытұры қалмайды ... сызы.
2. Ата-анадай ... құннің көзі.
4. Түй боздап, қой қоздап — ... шу.
5. Сыбдыр қағып ... ағады су.
6. Ай, жұлдызға ... жел хабар беріп,



## ТЫҢДАЛЫМ АЙЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Себеп-салдар жалғаулықтарын ата.

## ОҚЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын көрсет. Түсіндір.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Масатыдай құлпырмас жердің жүзі.		
Күздігүні күні қалмайды қыстың сызы		
Түе боздап, қой қоздап — қорада шу		
Жан-жануар, адамзат анталаса, Қыз-жігіттей елжірер күннің көзі.		
Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп, Жан-жануар қуанар тойға елеріп.		
Гүл мен тау майысып қарағанда Сыбдыр қағып бұрандап ағады су.		
Азалы көк көрпесін сілке тастап, Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.		

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**8-тапсырма.** Сұрақтарға толық әрі қысқа жауап жаз.

**Үлгі:**

**Сұрақ:** Жер қай кезде масатыдай құлпырады?

**Қысқа жауап:** Жазғытұры.

**Толық жауап:** Жер масатыдай құлпырады.

**Сұрақ:** Күннің көзі қалай елжірейді?

**Қысқа жауап:**

**Толық жауап:**

**Сұрақ:** Су қалай ағады?

**Қысқа жауап:**

**Толық жауап:**

**Сұрақ:** Жылы жел неге хабар береді?

**Қысқа жауап:**

**Толық жауап:**

**Сұрақ:** Жер қандай көрпесін сілкіп тастайды?

**Қысқа жауап:**

**Толық жауап:**

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

1	ата-анадай	а	ағады
2	түйе	ә	көзі
3	сыбдыр	б	елжіреп
4	күннің	в	жүзі
5	адамзат	ғ	қоздал
6	жердің	ғ	боздап
7	бұрандаң	д	анталаса
8	қой	ж	қағып

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Төмендегі сөздердің мәтінде қай сөзben тіркесіп түрғанын анықта. Сейлем құра.

Жазғытұры, масатыдай құлпыру, елжіреу, сай, су.

## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Абайдың «Жазғытұры» атты өлеңінің мазмұнына сәйкес келетін сурет табындар не өздерің салындар. Сурет бойынша әңгіме құрандар.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Мен Абайдың «Жазғытұры» деген өлеңін жаттап алдым. Өлеңде көктем мезгілі суреттелген. Абай табиғатты әдемі бейнелеген.

# Жаздығун шілде болғанда

5-6-  
сабактар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайындала, бір-біріңе қоюындар.



## ЖАҢА СӨЗДЕР

көгорай, жаралсақтану,  
жасалпылдау, күркіреу, бәйге ат,  
арқылы



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жаз.

- Саған жылдың қай мезгілі ұнайды? Не себепті?
- Жазда күн қандай болады?
- Сен жазда қайда баrasың?
- Жазғы демалысты қалай өткізбексің?

## ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Мәтін бойынша жоспар құр.

Жаздығун шілде болғанда,  
Көгорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда,  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда,  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдап,

## Жаз

Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбындала,  
Құйрығымен шылпылдап,  
Арасында құлыш-тай  
Айнала шауып бұлтылдап.

Абай Құнанбайұлы

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Көнірдай шалғын мен бәйшешек қай уақытта ұзарып өседі?
- Ауыл қай кезде өзенниң жағасына көшіп келеді?
- Қандай жылқының жоны қылтылдайды?
- Құлын-тай қай жерде шауып жүреді?

## ТЫҢДАЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. 3-тапсырмадағы өлеңді қайта оқы. Қандай сөздер оқылмағанын айт.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Абайдың «Жаз» өлеңінің орысша аудармасын қазақ тіліндегі нұсқасымен сәйкестендір.

Жаздығун шілде болғанда, Көнірдай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда; Құрқіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда.	И кобылы с упитанными боками еле дышат, Стоят, отдыхая в прохладной воде кони, Наслаждаются, обмахиваясь хвостами, И среди них жеребята-стригунки Вокруг них непоседливо резвятся. (Перевод М. Адибаева)
Ат, айырлар, биелер Бүйірі шығып ыңқылдал, Суда тұрып шыбындал, Құйрығымен шылпылдал, Арасында құлын-тай Айнала шауып бұлтылдал.	В июле знойном середине лета, Когда трава (осока) покрывает всю землю, степь, Вместе с ручьями и родниками, где-то видны маки, Стебли удлиненные с созревающими метелочками семян; Тогда к бурлящей реке перекочует аул (переезжает). (Перевод М. Адибаева)

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай сәйкестендір. Сөйлем құра.

құрқіреп	қылтылдал
ауыл	тұрып
шілде	құлын-тай
жоны	жатқан
суда	шауып
арасында	күн

бүйірі	шылпылдал
құйрығымен	болғанда
өткен	қонғанда
жасы	шығып

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**8-тапсырма.** Өлеңнен іс-әрекетті, қымылды білдіріп тұрған сөздерді тауып, сөйлем құра.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Берілген сөздерді бір сөзбен атап, жаз.

**Улғи:** «Жазғытұры», «Жаз», «Қыс» — табиғат лирикасы.

1. Оқып отыр, келе жатыр, сөйлесіп тұр — ... .
2. Данышпан, ойшыл, лирик — ... .
3. Ертең барады, кешке сөйлеседі, жазда қыдырады — ... .
4. Науай, Сағди, Физули — ... .

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Жаз» өлеңі туралы айттылған пікірді дәлелдейтін мысалды мәтіннен тауып түсіндір.

Абайдың «Жаз» деген өлеңіндегі етістіктен тізген жолдары жырын жандандырған. «Бұл — Абайдың тілінің тазалығы, ақындығының күштілігі» деп білу керек (*Илияс Жансугиров*).

## ЕСТЕ САҚТА!

Абай «Жаз» өлеңінде ауылдың тұрмыс-тіршілігін шебер суреттеген. Өлең жолдары арқылы қазақ ауылын көз алдыңа елестетеді.

# Сүр бұлт түсі сұйық, Қактайды аспан

7-8-  
сабақтар

МАТЕРИАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

дымқыл, тұман, ертеден

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Мақал-мәтелдерді оқып, сөйлем мүшесіне талда.

- Нәсер алдында найзағай ойнайды.
- Күркіреген бұлттың жаңбыры аз.
- Жел — дауылдың шақыруышы.
- Өткен күнді қыуп жетпессін.

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сурет бойынша мәтін құра.



## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді оқы.  
Мәтін бойынша бірнеше  
сұрақ дайында.

### Күз

Сүр бұлт түсі сұық қаптайды аспан,  
Күз болып, **дымқыл** тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма:  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
**Жасыл** шәп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
**Қайыршы** шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.  
Біреу малма сапсиды, салып ін,  
Салбыраңқы тартыпты **жыртық** киім.  
Енесіне иіртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.  
*Абай Құнанбайұлы*

### ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі қою қаріппен берілген сөздердің синонимін тауып, сөйлем құра.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Абайдың «Күз» өлеңінің орысша аудармасын қазақ тіліндегі нұсқасымен сәйкестендір.

Сүр бұлт түсі сұық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма:  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Ползет ненастье. Зябко и уныло  
Сырая зависает мгла с утра.  
Играют кони в поле, ржут кобылы,  
И годовалых взнузывать пора.  
В работе и заботах день недолог:  
Выделывают шкуры, кожи минут,  
Плетут ремни, латают дряхлый полог,  
Просушивают скарб и шерсть прядут.  
*(Перевод Л. Нечая)*

Жасыл шәп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
**Қайыршы** шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.  
Біреу малма сапсиды, салып ін,  
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.  
Енесіне иіртіп шуда жібін,  
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Вздыхают старики, и зябнут дети...  
И, коротая долгие часы,  
Я по холмам брожу, где веет ветер,  
Где бегают некормленые псы,  
Откуда виден весь наш быт убогий  
В осенней мгле темнеющего дня,  
Потертый войлок юрт, тоска дороги  
И степи без единого огня.  
*(Перевод Л. Нечая)*



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** <http://clipson.ru> сайтынан Абайдың «Құз» өлеңін Нұркен Өтеуіловтің орындаудың тыңда. Бейнежазбадағы көріністерді Абай өлеңімен салыстырып, ой бөлісіндер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Өлең жолдарын қазақ тіліндегі сөздердің орын тәртібіне сай орналастыр. Өлеңнің құрылышы қалай өзгергенін түсіндір.

**Үлгі:** Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан — Түсі суық сұр бұлт аспанды қаптайды.

1. Жапырағынан айрылған ағаш, қурай. 2. Салбыраңқы тартыпты жыртық киім. 3. Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

## ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сөз тіркестерін тыңда. Оларды байланыстырып, сейлем қура.

### МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, өлең жолдарын жаз.

1. Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Құз болып, дымқыл тұман жер... басқан. 2. Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп, Жапыра... айрылған ағаш, қурай. 3. Ене... иіртіп шуда жіб..., Жас қатын... жыртылған жамайды үйін.

### ЕСТЕ САҚТА!

Абайдың «Құз» өлеңінде ауылдың көңілсіз күйі суреттелген. Жан-жануардың құз мезгіліндегі бейнесі шебер көрсетілген.

# Ақ киінді, денелі, ақ, сақалды

9-10-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, мақал-мәтелді жаз.

*Қажетті сөздер:* қар, қыс, жазда, он.

- Жаздың бір күні қыстың ... күніне татыр.
- Қыстың қамын ... ойла, Бір ойлама, ұш ойла.
- Қыста қысыл, ... жадыра.
- Қыстағы ... – жерге ырыс, Жердегі ылғал — елге ырыс.

### АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөйлемдегі етістіктердің қай шақта тұрғанын айт.

Абайдың да айрықша жырлағанының бірі – табиғат болды. Ол табиғат аясында өсті. Оны сүйе білді. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Құз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерінде табиғаттың әртүрлі құбылысы қөзіңе елестейді. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі сүйк тұманды құзін не болмаса сақылданған аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың.

Қажым Жұмалиев

## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді оқы. Мәтін бойынша жоспар құра. Өлеңді жаттап ал.

#### Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды,  
Үсті-басы — ақ қырау, түсі сүық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
Дем алысы — ұскірік, аяз бер қар  
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызырып, ажарланды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.  
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.  
Әуес көріп жүгірген жас балалар  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.

Абай Құнанбайұлы



## ТЫНДАЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Абай балаларды қандай болуға шақырды?
2. Ол нені жақтады?
3. Абай неге көнбеді?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтіннен етістіктерді теріп жаз. Оларды үш шақта қойып, сөйлем құра.

**Улғи:** әлек салды — жедел өткен шақ. Ертең әлек салады — ауыспалы келер шақ. Әлек салып жасатыр — нақ осы шақ.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Өлеңді қайталап оқы. Саған қай шумақ ұнады? Айтып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### 7-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

- Улғи:** Кәрі құдаң қыс келіп, әлек салды.
- Кім келді?
  - Қандай қыс келіп, әлек салды?
  - Қыс келіп, не істеді?

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтіннен теңеу мен әпитетті тап. Оларды пайдаланып, сөйлем құра. Себеп-салдар жалғаулықтарын қатыстырып.

**Улғи:** кәрі құда — метафора. Абай қысты кәрі құдага теңеп тұр. Атам мен әжем алыстан келген кәрі құданы есіктің алдына шығып қарсы алды, себебі ол кісіні барлығы сыйлады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөйлем құра.

әлек	көзін
алты	балалар
үсті-басы	салды
екі	айналды
жас	сақалды

үсік	қанат
теріс	шауып
ақ	киген
бөркін	ақ қырау
қар	шалды

## ЕСТЕ САҚТА!

Абай қысты кәрі құдаға теңеген.  
Қыста қатты боран,  
аяз болатынын  
шебер суреттеген.  
Маған Абайдың  
табиғат лирикасы  
ұнайды.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Өлең мазмұны бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңмен диалог құр.

# Нәтижесабак. Мен не үйренидім?

11-12-  
сабактар

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Жағдаят: шетелден келген танысың Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы сұрады. Алдыңғы сабактардағы ақпаратты пайдаланып, жауап бер.

## ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Түсінгенінді айт.

Абай қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалады. Ол қазақтың дәстүрлі өлең жүйесін мағыналық жағынан да, түр жағынан да байытты. Абай қазақ өлеңіне жиырмаға жуық жаңа өлшем енгізді.

Абаймен тоғыз жасымда кездестім. Ол кезде қазақ мектебіне оқуға түсіп, қазақ тілін енді-енді үйрене бастаған едім. Мұғаліміміз — Құлшара Қасымова Абайдың «Қыс» деп аталатын өлеңін үйден жаттап келуге тапсырма берді.

Еслідің жағасындағы кішкене қазақ ауылы қарлы боранның астында қалған. Сол жылы қыс сүмдық қатал болды. Біз бұрынғы дәрігерлік пункттің бір бөлмесін панарап отырғанбыз. Терезені жел ұрғылайды. Кішкене қаңылтыр пештің іші гу-гу етеді. Жетілік шамның сығырайған жарығының астына алба-жұлба оқулығымды қойып, күбірлеп Абайдың өлеңін оқып мен жатырымын.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы — ақ қырау, түсі сүйк,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Мен Абайдың өлеңін оқысам, анам кішкене қарындастыма әлдилеп неміске өлең айтады. Шешемнің айтып отырғаны — кейін білдім, Гетеңің «Даланың раушан гүлі» атты өлеңі еken. Сөйтіп, менің санама Гете мен Абай бейнелері қатар еніпти.

Герольд Бельгер

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Зейнолла Қабдоловтың «Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе жылдың төрт мезгілін суреттейтін өлеңдері — күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен жазылған аса сұлу, сырлы жырлар» деген пікірін ақынның өлеңдерінен мысал келтіріп, дәлелде.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Абайдың өміrbаянын толықтырып.

Абай Құнанбайұлы 1845 жылы ... облысында дүниеге келген. Ұлты — ... .

Ол ... жасынан бастап оқыған. Ахмет Риза ... бітірген. Абай — ... , ... , ... ақын. Ақынның «...», «...», «...», «...» атты өлеңдері бар.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Абай жырлаған табиғатты қазіргі табиғатпен салыстырып, пікірталас өткізіңдер.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- фактілер мен дәлелдерді ұтымды қолдану;
- сөз әдебін сақтау;
- дұрыс сөйлеу;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі түрде жеткізу.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Қазіргі кездегі экологиялық зардаптар, жыл мезгіліндегі өзгерістер туралы экологке хат жаз.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Шығу парагын пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап бер.

1. «Абайды оқы, таңырқа!» тақырыбы бойынша не үйрендің?
2. Сен үшін бүгінгі сабак несімен құнды болды?
3. Бүгінгі сабакта жаңадан не білдің? Өзіңнің, жолдастарыңың, жұмысына көнілің толды ма?
4. Тақырып бойынша тағы не білгің келеді?
5. Тақырып бойынша басқа қандай ақпарат көздерін оқисың?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Абай әлемі — бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. ...Әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын (Н. Ә. Назарбаев).

13

## Қазақтың ұлттық қолөнері

## ОҚУШЫ, БҰЛ БӨЛІМДЕ:

- қазақтың үлттық қолөнеріне қатысты сөздерді мәнгеруді;
  - оларды орнымен қолдануды;
  - үлттық әдепке сай этикеттік сөз орамдарын дұрыс қолдануды **үйренесін.**



# Қазақ қолонері

## МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС

АЙТЫЛЫМ

## **1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. «Қолөнер» деген сөзді айтқанда ойыңа не келеді?
  2. Қолөнер бұйымдарына не жатады?
  3. Қазақ қолөнерінің қандай түрлерін білесін?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

ою-өрнек, сырмақ, бас, құрап-  
сайман, ер-тұрман, жиһаз,  
куімілгіш, ашекейлеген, жон,  
түскің, кесте

АЙТЫЛЫМ

## **2-тапсырма.** Суреттерге қарап, ойынды айт.

1. Суреттерде не бейнеленген?
  2. Суреттердің бәріне ортақ нәрсе ретінде нені айтуға болады?
  3. Суреттегі заттарды «өнер туындысы» деуге бола ма? Не себепті?



## ТІЛДІК БАҒДАР:

### Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі

Қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу тәртібі бар:

1. Бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады. Қебіне сөйлемнің басында келеді. Мысалы: Қолөнер (не?) дамыған.
2. Баяндауыш сөйлемнің соңында тұрады. Мысалы: Қолөнер дамыған (қайткен?).
3. Толықтауыш өзінің толықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Үдистарды (нелерді?) оюмен әшекейлекен.
4. Анықтауыш өзінің анықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Қазақтың (кімнің?) даласында қолөнер дамыған.
5. Пысықтауыш өзінің пысықтайтын сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: Қазақ даласында (қайда?) қолөнер дамыған.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Сөйлемдегі шатасқан сөздерді орын тәртібіне сай жаз.

Әшекейледі Алua бұйымдарын ою-өрнекпен қолөнер. Даны киіз басып, жасады сырмақ. Түрлі түсті жіппен кестеледі тұсқиізді Зере. Олар дайындаған көрмеге қойды заттарды.

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Не түсіндің? Мәтіннің жалғасы қандай болуы мүмкін?

Ою-өрнек бір заттың бетіне ойып өрнек салу, кесіп алу, екі затты үйлестіру арқылы жасалады. Оюдың 500-ден аса түрі бар екен. Тұсқиіз, сырмақ, киім-кешек, жиһаз, ыдыс оюмен өрнектелген. Оюдың түрі көп. Қебінесе «қошқармұйіз», «сыңармұйіз», «арқармұйіз», «көбелек» және т.б. ою түрлері қолданылған.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Қазақ даласында қолөнер ерте дамыған. Қазақ халқы құнделікті тұрмысқа қажет заттарды қолдан жасаған. Оларды талғаммен әшекейлеген. Қазақтар киіз басып, сырмақ жасау, кесте тігу, алтын-күмістен әшекей жасау технологиясын керемет меңгерген.

Қазақ жерінде өмір сүрген массагеттер барлық затты әшекейлеген. Ол туралы Геродот: «Олардың барлық заты алтын мен мыстан жасалған. Соғысқа қажет құралдары, оқтары мен айбалталары мыстан жасалған. Баскиім, сәукеле, белдік, әшекейлері алтын-күмістен, асыл тастардан жасалған. Сондай-ақ атәбзелдері, құрал-сайманы мыстан жасалған, ертұрманы алтынмен әшекейленген», — деп жазады.

Қазақта ою-өрнек кең тараған. Қазақтың ою-өрнегі халықтың ойы үшкір, талғамы биік болғанын көрсетеді. Фимараттарды, жиһаз, ағаштан жасалған ыдыстарды ою-өрнекпен әшекейлеген. Ою-өрнек — Ұлы дала өркениетінің бір түрі.



күміс ер-тұрман



сирмақ



үй жиһазы

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтар түрмисқа қажет бүйымдарды нeden жасаған?
2. Оларды қалай әшекейлеген?
2. Қазақ қолөнері туралы Геродот не деген?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Топтық жұмыс. «Салыстыру кестесі». Мәтіндегі ойбөліктерді оқып, ерекшелігін көрсетіңдер. Кестені толтырыңдар.

ойбөліктері	жаңа сөздер	әтістіктер	негізгі идеясы
1-ойбөлік			
2-ойбөлік			
3-ойбөлік			
4-ойбөлік			

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жақшадағы сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлем құранғандар.

Қазақ даласында қолөнер ерте (дамы). Құнделікті түрмисқа қажет бүйымдарды қолдан (жаса). Бүйымдарды талғаммен (әшекейле).

Халық өнерді ерекше (құрметте). Қазақ әйелдері киіз (бас), сырмақ (жаса), тұсқиіз (kestеле). Сақтар алтын-күміс, асыл тастардан әсем бүйымдар (жаса). Олар бағалы металдан бүйым жасау технологиясын керемет (менгер).

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінді оқып, Қазақ даласындағы қолөнердің түрлерін анықта. Олардың нeden жасалғанын айт.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Қажетті сөзді таңдап жаз.

Геродот ежелгі массагеттер туралы: «Сақтардың барлық заты алтын мен (мыстан, ағаштан, тастан) жасалған. Соғысқа қажет (тамақтары, құралдары, киімдері) оқтары мен айбалталары мыстан жасалған. Баскиім (әшекейлері, кітаптары, құрақтары) алтын-күмістен, асыл тастардан жасалған. Сондай-ақ атабезлдері, (арқандары, жіпптері, құрал-сайманы) мыстан жасалған, (ер-тұрманы, жүгені, көрпесі) алтынмен әшекейленген», — деп жазады.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ


### 11-тапсырма. Кестедегі сөздерді пайдаланып, сөйлем құрандар.

сырмақ...	әшекейленген...
құрал-сайман...	жон...
ер-тұрман...	тұсқиіз...
жиһаз...	кесте...
қиімілгіш...	басу...


## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 12-тапсырма. «Ою-өрнек» ойыны. Суреттерге мұқият қарап алыңдар.


Кітапты жауып қойып, қайта қарамастан, ою-өрнекті салып шығыңдар. Соңан соң кітаптағы ою-өрнек пен өздеріңнің суреттерінді салыстырыңдар.




«Арқармұйіз» өрнегі




«Қошқармұйіз»




«Сынықмұйіз»




«Домбыра» өрнегі




«Қебелек» өрнегі



«Мүйіз» өрнегі



«Гүл» өрнегі



«Аққу» өрнегі

### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақ даласында қолөнер ерте дамыған. Қазақтар киіз басып, сырмақ жасаған, тұсқиіз кестелеген. Атабзел, ер-тұрман, құрал-сайманды мыстан, алтыннан жасаған, оюмен әшекейлеген.

# Қазақтың зергерлік онері

3-4-  
сабактар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай сәндік әшекей бүйымдарды білесің?
2. Үйде кім әшекей тағады?
3. Өзің қандай әшекей тағасын?

ЖАҢА СӨЗДЕР:

әйел, білезік, сақина, тіл-көз,  
сақтайды, соқтырған, тағады, сән-  
салтанат, сәукеле, ине, қайши

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суреттегі әшекей бүйымдарды ата.



## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Суреттерге қара. Етістіктерге өткен шақ жүрнақтарын жалғап, сөйлем құра.  
**Қажет сөздер:** шебер, сырға, білезік, ою, жасаса, соқ.



## МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы.

Зергерлік өнер — қазақ қолөнерінің бір түрі. Зергерлік өнер Ұлы дала елінің сән-салтанатын, байлығын, биік талғамын көрсетеді. Зергерлер көбінесе әйелдердің сәндік бұйымдарын жасайды. Сәндік бұйымдарға білезік, сақина, жұзік, сырға жатады.

Сырға — құлаққа тағатын сәндік зергерлік бұйым. «Сырға тіл-көзден сақтайды» деген түсінік бар. Құлаққа сырға таққанда: «Құлағың ауырмасын, жаман сөз естіме, ажарлы бол!» — деп тілек айтқан.

Білезік — ертеден келе жатқан білекке тағатын сәндік бұйым. Қыз бала 3-4 жасқа келген кезде ата-анаы білезік соқтырған. Білезікті екі қолға, кейде бір қолға тағады. Кейде бір қолға екі білезік тағады. Әшекей бұйымдарды «Қыз бала сән-салтанатта өссін!» деген оймен алтын-күмістен соқтырған. Білезік бергенде: «Қолың өнерлі болсын!» — деп тілек айтқан. Сәндік бұйымдар оюмен әшекейленген.

Жұзік — қыздар мен әйелдердің саусағына тағылатын зергерлік бұйым. Зергерлер жұзікті асыл тастармен безендіріп, ою-өрнекпен әшекейлеген. Зергерлік бұйымдар қазақ өнері мен мәдениетін паш етеді.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақ әйелдері мен қыз балалары қандай зергерлік әшекей бүйымдарды таққан?
2. Шеберлер зергерлік бүйымдарды неден жасаған?
3. Білезікті қыз бала неше жасынан таққан?
4. Әшекейді қандай мақсатпен таққан?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Көп нұктенің орнына қажетті сөздерді жаз.

**Қажетті сөздер:** құлаққа, білезік, сақина, соқтырған, әшекейлеген, қолға, жүзік.

1. Қазақ әйелдері ..., ..., ... таққан.
2. Сырға ... – тағатын сәндік зергерлік бүйым.
3. Сәндік бүйымдарды алтын мен күмістен ... .
4. Білезікті екі ... таққан.
5. Сәндік бүйымдарды оюмен ... .

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. «Зергерлік бүйымның суреті» ойыны. Мәтіндегі айтылған зергерлік бүйымдарды көзіңе елестет. Өзің зергерлік бүйымның суретін сал. Суретті салып біткен соң бүйымның атауын жаз. Қол қойып, серігіңе тарту ет. Ол суретке баға берсін.

Диалогте «Құрметті», «Өтінемін», «Алғысым шексіз!», «Қандай әдемі!», «Өте жақсы!», «Өте қуаныштымын!», «Рақмет!» т.с.с. ұлттық сөз әдебі, этикеттік сөз орамдарын қолданыңдар.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Салыстыру кестесі». Әр жұп мәтіндегі ойбөліктерді оқып, салыстырын. Кестені толтырыңдар.

өрекшеліктер	жаңа сөздер	етістіктер	негізгі идеясы
1-6-ойбөліктер			

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Суретке қарап, әңгіме құра. Кейіпкерлерге ат қой. Әңгімелегенде «зергерлік бүйым», «алқа», «шолпы», «білек», «білезік», «жүзік», «моншақ» сөздерін пайдалан.



### ЕСТЕ САҚТА!

Зергерлік өнер Ұлы дала елінің сән-салтанатын, байлығын, биік талғамын көрсетеді. Қазақ әйелдері сырға, білезік, жүзік таққан.

# «Зергерлік онер» көрмесі

5-6-  
сабактар

## МЕТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Қолөнер» деген – не?
2. Зергерлік бұйымдар көрмесіне барып көрдің бе?
2. Қолөнер заттарын, зергерлік бұйымдарды жасайтын шеберді кім деп атайды?
3. Қандай зергерлік бұйымдарды білесің?

### АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Суреттерге қарап, сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте қандай кәдесыйлар бейнеленген?
2. Олар нeden жасалған?
3. Кәдесый қай кезде беріледі?
4. Кәдесый беріп не алып көрдің бе?



### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Сурет бойынша

7-8 сөйлемнен тұратын  
әңгіме құра. Әңгімеге  
тақырып қой. Тірек сөздерді  
пайдалан.

**Тірек сөздер:** көрме, әшекей,  
әйел, білесік, сақина, әшекейле,  
шебер.



Әшекей бұйымдар көрмесі

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС

#### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.


Менің атам — ағаш шебері. Атамның шеберханасы бар. Шеберханада ағаштан бұйымдар жасайды. Атамның жаңында көмекшісі бар. Ол кісілер былтыр ағаштан қамшы, домбыра, қобыз жасады. Оларды оюмен өрнектеді. Домбыраның бетіне «қошқармұйіз» өрнегін салды. Қобыздың бетіне «мүйіз» өрнегін салды. Ал қамшының сабына «сынықмұйіз» өрнегін салды.

Былтыр Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайында Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Зергерлік өнер» атты көрме өтті. Атам көрмеге ағаштан жасаған бұйымдарын қойды. Көрмеге келушілер қолөнер бұйымдарын ұнатып, қызықты.

Көрмеге «Әдемі-ай» өнер мұражайындағы сирек кездесетін зергерлік бұйымдар қойылды. «Әдемі-ай» өнер мұражайының 2011 жылы белгілі коллекция жинаушы, өнертанушы Баһаргұл Төлеген ашқан еді. Қазір мұражайда 1000-нан астам экспонат бар. Онда біздің заманымызға дейінгі I-III және VI-XII ғасырлардағы археологиялық ескерткіші бар. Көрмеге «Әдемі-ай» компаниясының Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап дайындаған сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары мен ұлттық кәдесыйлары да қойылды. Әшекейлер қазақ халқының тарихынан сыр шертеді. Зергерлік бұйымдар ұлттық мәдениетіміздің дамуын көрсетеді. Ұлы даланың қолөнер туындылары мәңгі жасайтынына көзім жетті.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Сұрақтарға жауап берे отырып, бірінші ойбөлікке ой картасын құрастыры.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Жұптық жұмыс. «Салыстыру кестесі». Әр жұп мәтіндегі ойбөліктерді оқып, салыстырын. Кестені толтырыңдар.

өрнешеліктер	жаңа сөздер	етістіктер	негізгі идеясы
1-ойбөлік			
2-ойбөлік			

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, жасалу жолдарын айт. Түбірі мен жүрнағын ажыратып жаз.

### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Бірің — «Зергерлік өнер» көрмесіндегі экскурсия жетекшісі, екіншің көрмеге келген қонақ болындар. Қонақ түрлі сұрақтар қойып, экскурсия жетекшісі түсіндіріп берсін.

1. Әшекей неден, қандай металдан жасалған?
2. Ол қай кезде, қай жылдары жасалған?
3. Қандай асыл тастар жапсырылған?



Асыл тастармен безендірілген  
әшекей



Асыл тастар  
жапсырылған тәж бен  
сырға



Күміс әшекей таққан  
қыз

### ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жаз.

1. Көрмеге «Әдемі-ай» өнер музейінен не әкелінді?
2. «Әдемі-ай» өнер музейін кім ашқан?
3. Музейде қанша экспонат бар?
4. Онда қай ғасырлардағы археологиялық ескерткіштер бар?
5. Көрме қай мерекеге арналды?
6. Онда қандай бұйымдар қойылды?

### ЕСТЕ САҚТА!

Мениң атам — ағаш шебері.  
Шеберханада ағаштан түрлі  
бұйымдар жасайды. Ағаштан  
қамшының сабын, домбыра, қобыз  
жасады. Былғарыға, сүйекке ою  
салды.

# Оралхан Бокей «Анамың, астауы» (чүзінді)

7-8-  
сабактар

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР:

еркелеу, жасау, жіл, құраққөрпе, тымақ, ііл, жағымсып, танау шүйіру, ши

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен еркесің бе? Сені кім еркелетеді?
- Анаң мен әжен сені қалай еркелетеді?
- Ол кіслер қай затты ерекше қастерлейді?

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суреттерді сөздермен сәйкестендір.

1.		2.		3.		4.	
1. киіз басу	2. шана	3. құраққөрпе	4. құраққөрпе тігу				



## ТЫҢДАЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, түсінгеніңді айт.

0. Бекей қай жерде туған?
- Жазушының қай әңгімесі туралы сөз болады?
- Әңгімеде кім туралы айттылады?



## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫНДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінді түсініп оқы.

##### АПАМ МЕНИҢ

Апам менің...

Мениң апам – қолы алтын, құдіретті әйел еді. Қазақта осындай мықты, ақылды ұлы әйелдер болғаны қандай жақсы! Ертеректе қазақ әйелі не істей керек болса, түгел апамның қолынан келетін.

Улкен әпкем — Шолпан түрмисқа шықты. Әпкемнің жасауын апам өзі дайындағы. Бір айдың ішінде жіп иіріп, оюлап сырмак жасады, киіз басты. Тұсқиіз бен құраққөрпе тікті.

Апам менің...

Жаз өтіп, қылышын сүйретіп қыс келді. Орман-тоғай, тау-тас аппақ. Алтай өңірінің әрі жүдеу, әрі көңілді шағы туды. Апам қарағайдың қабығына бояған қызыл тонымды киіп, ойнауға шығамын. Қолыма былғары қолғабымды, тымағымды, ақ пимамды килемін. Шанамды сүйреп шығамын. Қайыңды иіп, шанамды да апам істеп берген. Сонда Әңгіштайдың өзім секілді бар баласы маған қызыға да қызғана қарайтынын, жағымсып менімен дос болғысы, менімен ойнағысы келетінін біліп, танауымды шүйіремін.

- Мәтінді ойбөліктерге бөл.
- Әр ойбөлікте не туралы сөз болғанын айт.
- Мәтінге тағы қандай тақырып қояр едің?
- Не себепті?

### АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Жазушы кім туралы жазған?
2. Шығарма кімнің атынан баяндалған?
3. Апасы қолдан не жасаған?

### АЙТЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір.

- |                  |              |
|------------------|--------------|
| 1. Әпкемнің      | a. иірді     |
| 2. Жіп           | ә. жасауы    |
| 3. Құраққөрпе    | б. кидім     |
| 4. Тымағымды     | в. тікті     |
| 5. Қайыңды       | г. құлді     |
| 6. Жағымсып      | ғ. шүйіремін |
| 7. Мен танауымды | д. иди       |

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Диалог құрындар. Шолпанның жасауында не бар екенін бір-бірінен сұрап, жауап беріңдер.



## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сөйлемдегі шатасқан сөздерді орын тәртібіне сай жаз.

- Далаға тонымды қызыл киіп шығамын ойнауға.
- Қолыма пимамды былғары қолғабымды, киемін тымағымды.
- Шанамды шығамын сүйреп.
- Шанамды берген апам істеп.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Кейіпкердің апасы шебер екенін дәлелде.
- Қызы тұрмысқа шыққанда апасы не дайындаиды?
- Оның ішінде қандай заттар бар?

## ОҚЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтіннен қыс туралы үзіндіні тауып, оқы. Жазушы қысты қалай сипаттаған?

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Әжеңе не анаңа хат жазып, қалай жақсы көретініңді жеткіз. **Жақсы көргенде айтатын сөздерінді жаз.** Хатта: «Қымбатты», «Денсаулығыңыз қалай?», «Сіз мен үшін», «Деніңіз сау болсын!», «Ризмын!», «Рақмет!» т.с.с. ұлттық әдепке сай этикеттік сөз орамдарын қолдан.

### ЕСТЕ САҚТА!

Мениң апам – қолы алтын, құдіретті әйел еді. Қазақта осындағы мықты, ақылды ұлы әйелдер болғаны қандай жақсы!

# Оралхан Әкей «Ақамыңыз астауы» (ұзды)

9-10-  
сабактар

## Мәтіналды жұмыс

### ЖАҢА СӨЗДЕР:

бір құшақ, арқалап, тасы, мая,  
толтыр, астау, келі, төркін,  
ілмек

### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өлеңді тыңда. Жатта. Сұрақтарға жауап бер.

1. Өлең не туралы?
2. Әжениң баланы еркелеткенде айтатын сөздерін тап.

### Оюлар

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!  
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.  
«Келе ғой, қошаңым, өзіме!» – деп,  
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.

Күйімді кешсендер-ау сол беттегі,  
Түрғандай ана көңілі тербеп мені.  
Жан бітіп жайрандады жан-жағымнан  
Қазақтың қошқар мүйіз өрнектері.

Фариза Өңғарсынова

## Мәтінмен жұмыс

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқы.

Әкем «Ынтымақ» колхозының сиыр фермасында бастық болатын. Ауылдан он шақырым «Қаражер» деп аталатын фермада тұрады. Шешем сиыр сауады. Бұл — қыс мекендері, ал жаз шыға жайлайға көшіп кететін.

Жаз шыға бәріміз тоғайға отынға барамыз. Бір-бір құшақ отын көтеріп келеміз. Ең алда — апам, содан кейін — құндыздай шулаған біздер, құліп-ойнап келе жатар едік. Ол шақта қыстық шөпті де жаздай арқалап тасып, қораны маяға толтырып қоятынбыз. Қысқы соғым мен үн ғана әкешешеміздің мойнында. Огород, шүркыраған қаз-тауық, екі сиыр мен ұсақ малымыз бар. Апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы бар еді. Шынымды айтсам, бізді асыраған — осы келі мен астау. Тіпті бізді ғана емес, ертеректе әкемізді, оның іні-қарындастарын асыраған — осы келі мен

астау екен. Ол тіпті әкемнен де үлкен. Олар апамның төркінінен Алтайдың арғы бетінен келген аса қымбат заттары болатын.

- Мәтінге тақырып қой.
- Не себепті қойғаныңды дәлелдеп айт.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына кесте бағанындағы тіркесе алатын сөзді қой.

бір құшақ ...	... арқала	... толтыр	...астау
гүл, құм, киім, орындық, отын	баланы, ауаны, отынды, шашты, сөмкені	құшақты, сөзді, отынды, ойды, суды	қымбат, ыстық, асыраған, жылы, ағаш

## МЕТИНСОНЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Ойланып, сұрақтарға жауап бер. Екі мәтінді салыстыр.

1. Ф.Оңғарсынованың «Оюлар» өлеңі мен О. Бекейдің «Апамның астауы» әңгімесінің арасында қандай байланыс бар?
2. Қандай ортақтық, өзгешелік бар?

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Әке-шешесі қайда жұмыс істеген?
- Ол кіслер қыз, жаз мезгілдерінде қайда тұрған?
- Жазда тоғайға не үшін баратын?
- Олардың үйінде не (мал, құс) бар еді?
- Апасының қандай қымбат заты болды?
- Ол апасы үшін не себепті қымбат еді?

## ЕСТЕ САҚТА!

Апамның теректен ойып жасаған келісі мен ескі астауы бар еді. Ол — апамның төркінінен келген аса қымбат заттары болатын.

# Нәтижесабак. Мен не үйрендім?

11-  
сабак

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтіндерді негізге ала отырып, қазақ қолөнері бойынша ой картасын құрастыр.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Броундық қозғалыс» ойыны. Әр үл бала екі қыздан:

- Саған қандай зергерлік бұйымдар үнайды?
- Сен зергерлік бұйымдардың қай түрін пайдаланасын? — деп сұрайды.
- Сауалнама алынып болған соң сыныпта кімде қандай зергерлік бұйым бар екені нақтыланады.

**Қазақтың ұлттық этикеті мен сөз әдебінің ұлгілерін пайдалан:**  
«Өтінемін!», «Айтып жіберші», «Рақмет!», «Көп жаса!» т.с.с. Қазақтың ұлттық этикеті, сөз әдебіне қатысты орамдарын қолдан.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрындар.

- Қазақтар қандай нәрселерге ою-өрнек салған?
- Қазақ әйелдері қандай зергерлік бұйымдар таққан?
- Зергерлік бұйымдар кімдерге арналған?
- Ағаш шеберлері қандай бұйымдар жасайды?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Әр суретке екі сөйлемнен құра. Шеберлер не жасап жатыр?  
Бұйымдарды неден жасап жатыр?



**ОҚУШЫ, БҰЛ БЕЛІМДЕ:**

- мәтіндерді тыңдаپ, тақырыптың не жайында болатынын болжай білуді;
- тірек сөздердің көмегімен мәтіндегі негізгі ойды анықтауды;
- тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қажетті этикеттік сөз орамдарын дұрыс қолдануды;
- өз ойынды дәлелдеуді;
- сейлеу барысында интонациялық ерекшеліктерді сақтай білуді;
- сөздікті дұрыс пайдалануды;
- тақырып бойынша синквейн құруды;
- тақырып бойынша сөз орамдарын дұрыс қолданып, таныстырылым жасауды үйренесің.

1-2-  
сабақтар

## Менің өлкем

### МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ

##### **1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Сен қай жерде тұрасың?
2. Тұған өлкеңің табиғаты қандай?
3. Тұған жерінде қандай ерекше орындар бар?
4. Тұған өлкен саған ұнай ма? Неге?



## АЙТЫЛЫМ


**2-тапсырма.** Сызбада берілген жерлерді білесің бе? Олар Қазақстанның қай аймағында орналасқан?



## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Қажетті сөздерді пайдаланып, тәмендегі суреттер бойынша шағын әңгіме құрастыр.

**Қажетті сөздер:** менің өлкем, бақытты, балалар, шаттық, қаһарман, батыр, ерлік, қасиетті, сүйемін, салт-дәстүр, тоイラу, қуану.





## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңда. Мәтінді оқы. Бастапқы шумақты тыңдап, өлеңнің тақырыбын анықта.

Көгінде күн нұрын тәккен,  
Жерінде гүл жұпар сепкен.  
Неткен сұлу, неткен көркем  
Осы, менің туған өлкем!

Алтын дәнді даласы бар,  
Ақ күмістей қаласы бар.

### Туған өлкем


Неткен сұлу, неткен көркем  
Осы, менің туған өлкем!

...Ер еңбегі шалқып, тасқан,  
Ел еркінде, бақыт тапқан.  
Неткен сұлу, неткен көркем  
Осы, менің туған өлкем!

Өтебай Тұрманжанов

## ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұны бойынша кластер құрастырып.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сөйлемнің жалғасын тап. Мағынасына қарай сәйкестендір.

- |                |                 |
|----------------|-----------------|
| 1. Менің туған | a. бақыт тапқан |
| 2. Ел еркінде  | ә. өлкем        |
| 3. Көгінде күн | б. жұпар шашқан |
| 4. Ақ күмістей | в. даласы бар   |
| 5. Алтын дәнді | г. қаласы бар   |
| 6. Жерінде гүл | ф. нұрын тәккен |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жағдаят: сен басқа елге саяхатқа шықтың. Туған елді сағындың. Суреттерді пайдаланып, парталас досыңмен сұхбаттас.



Қырдың қызыл гүлдері



Қарағайлы беткей



Тау бектері



Көлсай көлі

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Артық ақпаратты көрсет.

№	ақпарат	артық
1	Осы — менің туған өлкем!	
2	Біз тауға шығып, қыдырамыз.	
3	Алтын дәнді даласы бар.	
4	Туған жерім кең-байтақ.	
5	Ақ күмістей қаласы бар.	

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

**9-тапсырма.** Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Сөйлемдерден теңеу, эпитеттерді тап.

1. Көгінде күн нұрын (шашқан, төккен, сепкен).
2. Неткен сұлу, неткен (ажарлы, ғажап, көркем)!
3. Ер еңбегі шалқып (тасқан, шашқан, болған).
4. Алтын дәнді (даласы, қаласы, ауылы) бар.
5. Ақ (алтындаі, күмістей, гауһардай) қаласы бар.
6. Осы — менің (туған, өскен, көрген) өлкем.
7. Ел еркіндең (куаныш, бақыт, сағыныш) тапқан.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

үзінді	түсініктеме

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Қөп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз. Өлеңнен  
теңеу мен эпитеттерді тауып, астын сыз.

*Қажетті сөздер:* Ел, даласы, сұлу, шалқып, осы, ақ, неткен, тұған.

Алтын дәнді ... бар,  
... күмістей қаласы бар.  
Неткен сұлу, ... көркем  
Осы, менің ... өлкем!  
Ер еңбегі ..., тасқан,  
... еркіндең, бақыт тапқан.  
Неткен ..., неткен көркем  
..., менің туған өлкем!

## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Берілген сұрақтарды бір-біріне қойып,  
диалог құрындар.

1. Туған жер туралы қандай мақал-мәтел білесің?
2. Қазақстанның қандай аймақтарында болдың?
3. Өзің тұратын аймақтың ауа райы қандай?
4. Қай жерде демалғың келеді?

# Менің өлкемнің табиғаты

3-4-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ

**1 -тапсырма.** Суретке қарап, диаграмманы толтыр. Теңеу мен әпитеттің қолдан.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сөздікті пайдаланып, сөздердің орыс тіліндегі баламасын тап. Ол сөздерді қолданып, сөйлемдер құра.

Қант қызылшасы, мақта, құрғақ, оңтүстік, солтүстік, гүлдеу, шығыс, жер беті, күріш, астық, жиі, ұқсамайды.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер. Жауабынды дәлелде.

1. Қазақстанның табиғаты қандай?
2. Оңтүстіктегі не өсіріледі?
3. Солтүстіктегі ауа райы қандай?
4. Қазақстанның солтүстігінде не өсіріледі?

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Қажетті сөздерді қолданып, эссе жаз.

*Қажетті сөздер:* тұған өлке, оңтүстік, батыс, шығыс, солтүстік, ыстық, салқын, жиі, сирек, жер, жақсы, табиғат.

### МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



### ТҮНДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қой. Осы тақырыпты таңдауындың себебін түсіндір.

Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігі, батысы мен шығысындағы табиғаты бір-біріне ұқсамайды. Оңтүстігінде жемістер гүлдеп жатқанда солтүстігінде әлі қар жатады. Республиканың оңтүстігінде күріш, қант қызылшасы, мақта, жүзім және көптеген өсімдік өсіріледі. Жазы ыстық әрі құрғақ болады.

Республиканың солтүстігінде бидай жақсы өседі. Мұнда күн ыстық емес, жаңбыр да жиі жауып тұрады.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

сұрақтар	тірек сөздер
Қазақстанның табиғаты қандай?	ұқсамайды, бір-біріне
Оңтүстігіндегі ауа райы қандай?	ыстық, ауа райы
Солтүстігіндегі ауа райы қандай?	ыстық емес, жиі жауады
Республиканың оңтүстігінде не өсіріледі?	күріш, қант қызылшасы, мақта
Солтүстікте не өсіріледі?	көгөніс, бидай

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсет.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігіндегі табиғаты бір-біріне үқсайды.		
Қазақстанның оңтүстігінде жеміс-жидек өседі.		
Қазақстанның солтүстігінде қар жатады.		
Қазақстанның оңтүстігінде жаз ыстық болмайды.		
Қазақстанның солтүстігінде жаңбыр жиі жаумайды.		
Қазақстанның солтүстігінде бидай өсіріледі.		

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. М.Мақатаевтың «Отан» атты өлеңінен берілген үзіндіні мәнерлеп оқы. Ө.Тұрманжановтың «Менің өлкем» өлеңімен салыстыр. Өлеңдердің мазмұны мен құрылымынан не байқағанынды айтып бер.

#### Отан

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,  
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,  
Мен оның қасиетті тілін сүйем,  
Мен оның құдіретті үнін сүйем.  
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,  
Бәрі маған: «Отан!» – деп сыбырлаған...

M. Мақатаев

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтін туралы пікірінді «Төрт сөйлем» құрылымына салып жаз.

**Пікір:** Мәтін бойынша пікірінді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел:** Пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал:** Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

# Нәтижесі сабак, Мен не үйреноңдім?

5-  
сабак

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерді салыстыр. Эр суреттің ерекшелігін айтып бер.



Солтүстікте бидай, көгөніс өсіріледі.



Оңтүстікте мақта, жеміс-жидек өсіріледі.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Туған өлкемнің табиғаты» деген тақырып бойынша өздерің тұратын аймақтың табиғаты туралы постер жасап, тұсауukeser дайындаңдар. Сыныпта баяндаңдар.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мақал-мәтелді қалай түсінесің? Осы тақырыпта тағы бірнеше мақал-мәтел айтындар.

Табиғат — жер байлығы,  
Батырлар — ел байлығы.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Табиғат» тақырыбына синквейн дайындаңдар.

**Бес жолды тақпақтың құрылымы:**

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним не метафора (зат есім).

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «Менің өлкем» тақырыбы бойынша эссе жаз. Эсседе теңеу мен әпитеттерді пайдалан.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Жағдаят: екі топ Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігіне саяхатқа шықты. Әр топ өздері барған аймақ бойынша таныстырылым дайындасын.

## ОҚУШЫ, БҰЛ БӨЛІМДЕ:

- мәтіндерді тыңдай отырып, негізгі және жанама ақпаратты ажыратада алуді;
  - тұра және ауыспалы мағынадағы сөздерді орынды қолдануды;
  - тақырып бойынша мәтінге жостар құру, постер, сызба-кестелер жасауды;
  - мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік жазуды;
  - сөйлемдердің сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, жай сөйлем курауды **үйренесін**.



# Қазақстанды арадаймыз

## МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС

ЖАҢА СӨЗДЕР

шипалы, борпылдақ жыныс, шөгіндерлер, жасаға, қамысты


АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша мына сұрақтарға жауап бер:

Суретте табиғи сулардың қандай түрлері бейнеленген?

Бул сұлардың қайсысы ішүге жарамды?

Судың адам өміріндегі маңызы қандай?





## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Фаламтор деректерін, танымдық ақпаратты пайдаланып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, жазындар. Деректерді өздерің білетін мәліметтермен толықтырып айтындар.

... — дүниежүзіндегі ең ұзын өзен. Оңтүстік Америкада орналасқан ... — экватор сызығын екі рет кесіп өтетін өзен. ... — Қазақстандағы ең ірі өзен. Дүниежүзіндегі ең тұзды теңіз — .... Қазақстан картасында екі түспен берілген көл — ....

**Керекті сөздер:** Балқаш, Конго, Ніл, Ертіс, Қызыл теңіз.



## ТЫНДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Түсінгеніңді айт.

МӘТИНМЕҢ ЖҰМЫС



## ЖАЗЫЛЫМ

Алакөл

**4-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап жаз.

Алакөл қайда орналасқан? ....

Ежелгі түркі-монгол тілдерінде «Алакөл» сөзі қандай мағына білдірген?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Алақөлдің ауданы — 2200-2500 км<sup>2</sup>. Суының көлемі — 58-60 текше км.  
Алақөлде Үлкен Аралтөбе, Кішкене Аралтөбе, Белқұдық т.б. аралдар бар.

Алақөлге 15-тей шағын өзеннің сұзы құйылады. Олар: Үржар, Еміл, Қатынсу, Жаманты, Жаманеткел, Тасты т.б. Сол себепті оның көлемі ауытқып отырады. Көлде алабұға, көксерке, сазан секілді балықтар, аққу, қаз, бірқазан, ондатра секілді аң-құс бар. Қамысты жерлерден тенбілмұсылықты кездестіруге болады.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. «Әңгіме кестесі» әдісі бойынша мәтінге сүйеніп, кестедегі мәліметтерге жауап жаз. Өз пікірінді дәлелде.

Мәтіннің тақырыбы

Мәтіндегі негізгі ой

Мәтінде кездесетін зат атаулары

Мәтінде кездесетін сын атаулары

Мәтінде кездесетін есімдіктер

Мәтін немен аяқталады?

Мәтіннен қандай ақпарат алдың?

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, сұхбатты толықтырыңдар.

— Сен Алакөлге бардың ба?

— Иә, бардым.

— Ол қайда орналасқан?

— \_\_\_\_\_ .

— Оның суының көлемі қандай?

— \_\_\_\_\_ .

— Алакөлге неше өзен құяды?

— \_\_\_\_\_ .

— Көл қандай тауларға ұласады?

— \_\_\_\_\_ .

— Көлдің маңынан қандай құстарды кездестіруге болады?

— \_\_\_\_\_ .

— Көлдің құпиясы неде?

— \_\_\_\_\_ .

## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҢЫ ЖҰМЫС

**8-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, өзің білетін өзен-көл туралы басқа мәтін құра. Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Қандай көлдерді/өзендерді білесің?
2. Ол көл/өзен қай жақта?
3. Көлдің/өзеннің неге олай аталғанын білесің бе?
5. Ол көл/өзен несімен ерекше?

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Сызбадағы сөздерді тіркестіріп, тыйым сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құрап жаз. Мағынасын түсіндір.

Су ішкен	суды	өзенге төкпе.
Кір жуған	суға	шашпа.
Тұнде	суды	түкірме.
Адамға	ашық	лайлама.
Судың бетін	құдыққа	барма.
Тұнық	су	қалдырма.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Тапқырлық» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Мұғалім берген сөздердің әр әрпіне сөз табындар. Ол сөздерді топ мүшелері кезекпен атап шықсын.

## ЕСТЕ САҚТА!

Алакөл Қазақстанның оңтүстікшығыс аймағында орналасқан. Ерте кездерде Алакөл арқылы «Ұлы Жібек жолы» өткен.

# Аспа жолмен көмерілдік

3-4-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

тау шатқалы, аспа жол, мұздық, шаңғы мектебі, занғар, көпшілік

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Қысқы демалыс» кестесі бойынша сұрақтарға жауап бер.

- Қыста қандай жерлерде демалғанды жақсы көресің?
- Қысқы демалысты қалай өткізесің?
- Қысқы демалыста «Медеу» мұз айдынына барасың ба?
- Қысқы демалыста «Шымбұлаққа» барасың ба?
- Аспа жолмен көтерілдің бе?

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Төмендегі сөздерді пайдаланып, «Тауға барайық!» деген тақырыпта 9-10 үнқатымнан тұратын диалог құрындар.

Тау, шаңғы, конъки, демалыс, жаңа жыл, ұнайды, бірге барайық, көңілді күн.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Қысқы демалыстағы бір күнің туралы жаз. Сол күнгі әсерінді айт.

9:00	_____
10:00	_____
12:00	_____
14:00	_____
16:00	_____
18:00	_____
20:00	_____
22:00	_____



## ТЫҢДАЛЫМ АЙЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Диалогті тыңда. Тірек сөздерді қолданып, түсінгеніңді айт.

*Tіrек сөздер:* қысқы демалыс, Шымбұлақ, аспа жол, таза ауда, шанғы мектеби.

## ОҚЫЛЫМ АЙЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқып, эпитет, теңеу сөздерді тап.

«Шымбұлақ» курорты Іле Алатаусы шатқалының 2510 метр биіктігінде орналасқан. Жер бедері – үстірт тәрізді көлбеу жазық. Таудың керемет көрінісі, қар қабатының ұзақ жатуы туристерді осы жақта еріксіз тартады. Шымбұлақтың басын желтоқсан айынан сәуірге дейін қар басып жатады. Шуақты күндері Шымбұлаққа мындаған демалушы келеді. Алматыда өткен Қысқы Азиада ойындары Шымбұлақ шатқалына екінші өмір сыйлады. Табиғат-ана қайта тірілгендей болды.

## АЙЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, жай сөйлем құра.

1. Шынығасың тауда демалумен қатар. 2. Қонақүй жайлы, мейрамхана бар тауда. 3. Сырғанауға көмектеседі нұсқаушылар орнында демалыс. 4. Тауда жатады айына дейін сәуір жамылғысы қар. 5. Орнының демалыс Шымбұлақ жұмсақ қысы келеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Тура және ауыспалы мағынадағы тіркестерді бөліп жаз.

Тақырыпқа қатысты екі-үш сөйлем құра.

Биік тау, терең шатқал, биік асу.

## АЙЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Берілген сөздерді қолдана отырып, төмендегі суреттерді сипатта.

*Tіrек сөздер:* тау, аспа жол, аспан, қар, қала.



## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Сұхбат». Рөлдік ойын. «Шымбұлақ» демалыс орнының анықтама бөліміне телефон соқ. Мәтін мазмұнына сүйеніп, демалыс орнындағы қызмет түрлері мен төлемдер туралы сұра.

**Диалогте:** «Кешірініз», «Faфу етіңіз», «бола ма?», «Айтып жіберінізші», «Қайталап жіберінізші», «айтпас па екенсіз?», «Көп рақмет!» секілді сез орамдарын қолданындар.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 10-тапсырма. Кестені толтыр.

«Шымбұлаққа» қашан барасын?	«Шымбұлаққа» кіммен бірге барасын?	«Шымбұлаққа» не алып барасын?	«Шымбұлақта» қандай қызметтерді пайдаланасын?	«Шымбұлақта» уақытты көнілді өткізу үшін не істейсін?

### АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Төмендегі жоспар бойынша мәтін құра.

1. Қысқы демалыс
2. Демалыс туралы сыныптастарым мен ақылдасамын
3. Уақытты көнілді өткіземін

### ЕСТЕ САҚТА!

«Шымбұлақ» — Іле Алатауындағы демалыс орны. Оның биіктігі — 2510 метр. «Шымбұлаққа» аспа жолмен көтерілесің. Ол жерде шаңғысы трассалары, тау шаңғы мектебі бар.

# Әлемге танымаң Шымбұлақ,

5-6-  
сабактар

## МӘТИНАЛДЫ ЖҰМЫС


### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- «Шымбұлақ» демалыс орнына бардың ба?
- «Шымбұлақтың» табиғаты қандай?
- «Шымбұлақ» демалыс орнында қандай қызмет көрсетіледі?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. «Шымбұлақ» туралы диаграмманы толықтыр.



### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Берілген түйіндердің негізінде диалог құрындар.

- «Шымбұлақ» тау шатқалы денсаулыққа пайдалы.  
«Шымбұлақтың» Қазақстан мәдениетіне қосатын үлесі мол.  
«Шымбұлақ» — Қазақстан туризмін дамытудың кепілі.

## МӘТИНМЕН ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгенінді айт.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерді орыс тіліне аударып, сөздік дәптеріңе жазып ал.

«Медеуден» «Шымбұлаққа» дейін аспа жол бар. Оның ұзындығы — 4,5 шақырым. Ұзындығы бойынша, ол әлемде үшінші орын алады. Бұл жерде түрлі сауықтыру орталықтары мен кешендер бар. Мұнда демалушылардың қауіпсіздігі қатаң қадағаланады. «Шымбұлақ» шаңғы базасында спортшылар жылына 7-8 айға дейін жаттығады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтін мазмұнына сүйеніп, кестені толтырып.

1. «Медеу» мұз айдынынан «Шымбұлаққа» тартылған аспа жолдың ұзындығы – неше шақырым?
2. Ұзындығы бойынша, аспа жол әлемде нешінші орын алады?
3. «Шымбұлақта» демалушыларға қандай жағдай жасалған?
4. Шатқалда спортшылар неше айға дейін жаттығады?

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сұхбат негізінде белгілі альпинист Маңсұт Жұмаевқа мінездеме бер.

**Тілші:** Сіз жиырмадан асқанда портер (альпинистердің жүгін тасуышы) едіңіз. Енді, міне, Гималай шыңын бағындырған, әлемге **тәнімал** альпинист болдыңыз. Мұның сыры неде?

**Альпинист:** Мен тауды алғаш Алматыға келгенде көрдім. Сегіз мың метрлік шыңға көтерілу — мен үшін үлкен **мүмкіндік** еді.

**Тілші:** Шыңға қалай шықтыңыз?

**Альпинист:** Үш америкалықпен бірге тауға өрмеледім, қайта-қайта артта қала бердім. Өйткені **дайындығым**, тәжірибем аз еді. Сол кезде әкемесім түсті. Биікке ұмтылудағы ерік-жігер әкемнен берілген болар.

**Тілші:** Альпинист болу қатерлі ме?

**Альпинист:** Альпинизм — спорттың ең қатерлі түрі. Біз **тәуекелдің** не екенін түсінеміз...

**Тілші:** Ұлы даланың қазағы тауға неге сонша қызыққан?

**Альпинист:** Қазақ таудың алыптығын түсінген.

Тау адамды биік мақсатқа жетелейді.

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жоспарға сүйеніп, мәтін құра.

1. Түркиядан досым келді.
2. Екеуіміз «Шымбұлаққа» бардық.
3. Досыма «Шымбұлақты» таныстырыдым.
4. Досыма «Шымбұлақ» ете ұнады.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Жағдаяттық тапсырма.

Шетелден келген 10 туриске Алматының әсем жерлерін таныстырыуың керек. Алматының әсем жерлері ретінде нені көрсетер едің? «Шымбұлақты» қалай сипаттайсың? Өз қалауың бойынша бір демалыс орны туралы айтып бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Дереккөздерден «Шымбұлақ» спорт кешені тұралы ақпарат жинаңдар. «Шымбұлақ» атты жарнамалық буклет дайындаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. «Әлемге танымал Шымбұлақ» деген тақырыпта әссе жаз.

#### Талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымау керек.
- Тұжырымдарды дәйектей білу қажет.
- Өмірмен байланыстыру керек.
- Өзіндік ойың, тың пікір болуы керек.
- Баяндау стилі жатық болуы шарт.
- Көріктеуіш құралдарды ұтымды пайдалану қажет.
- Қөлемі – 100-130 сөз.

## АЙТЫЛЫМ

### 13-тапсырма. «Ойкөкпар» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. Бір топ қысқы демалыстың артықшылығын, екінші топ жазғы демалыстың артықшылығын айтсын. «Неге?», «Не себепті?» деген сұрақтарға жауап беріп, ойларынды дәлелдендер.

## ЕСТЕ САҚТА!

Был «Шымбұлақ» демалыс орнының құрылғанына 60 жыл толады. Қысқы Азиада ойындары осы Шымбұлақ шатқалында өтті.

# Шоқан Уәлиханов

## «Жаңа сөздер» (ұзғанды)

7-8-  
сабактар

МӘТИАЛДЫ ЖҰМЫС



ЖАҢА СӨЗДЕР:

ағартушы, атақоныс, алғыр,  
өлкетану, танымдық

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретке қараңдар. Сұрақтардың көмегімен парталас досыңмен диалог құр.

1. Суретте кім бейнеленген?
2. Фалым туралы не білесін?
3. Ол қай ғасырда өмір сүрген?
4. Фалымның қандай саяхаттарын білесіндер?
5. Бүгінгі тақырыпта не туралы айтылуы мүмкін? Ойынды дәлелде.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Шоқан Уәлиханов туралы билетініңді пайдаланаңып, диаграмманы толтыр.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Шоқан қай жылы туған?
2. Ол қай жерде дүниеге келген?
3. Оның балалық шағы қайда өткен?
4. Бала Шоқанды кім тәрбиелеген?
5. Шоқан қалай хат таныған?
6. Кадет корпусында қай жылдары оқыған?
7. Кадет корпусын қай жылы бітірген?
8. Ол кімнің адъютанты болған?
9. Шоқан қай өңірлерді аралаған?
10. Ол қандай танымдық ақпарат жинаған?

### ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Суреттерге сәйкес сөйлемдерді ретімен жаз.

Шоқан орыс жазушысы — Ф. Достоевскиймен дос болған. Ол 1847-1853 жылдары Омбыдағы Кадет корпусында оқыған. Ғалым «Жонғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстыққөл сапарының күнделіктері» деген зерттеулер жазған. Шоқан Уәлиханов дарынды суретші болған. Шоқанды әжесі тәрбиелеген. Шоқан 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде туған.



## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсет. Түсіндір.

ақпарат	иә	жоқ
Балалық шағы Сырымбет тауының бауырында өткен.		
Ол Жамбыл облысында дүниеге келген.		
Әжесі — Айғанымның тәрбиесінде болған.		
Алғаш ауыл мектебінде орысша оқыған.		
Шоқан орыс жазушысы — Ф. Достоевскиймен дос болған.		
Шоқан Орталық Қазақстанды, Жетісу мен Тарбағатайды аралаған.		

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Сөйлемдерді оқып, теңеу мен әпиттеттерді табыңдар.

Менің саяхатым 1858 жылы 28 мамырда басталды. Бастапқы кезде біз Алтынай немел бекетіне дейін Алатау бектерінің тамаша анғарларымен жүріп отырдық. Айнала — жайнап тұрған қызылды-жасылды қызғалдақтар, үзын сабақты ақ ләйлілер. Керуен 25 шақырым жүргеннен кейін зәулім, биік бәйтеректің саясина немесе құміс жапырақты жиделердің көленжесіне аялдап отырды. Бір сапарда керуенге Жанғазы сұлтан келді. Ол шатырға семіз қаздай байпандап басып кірді.

## МӘТИНСОҢЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар.

#### Түсіндіріндер.

үзінді	түсініктеме

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Орысша-қазақша сөздікті пайдаланып, мәтінді қазақ тіліне аударып жаз.

Ш. Уалиханов — путешественник, этнограф, исследователь истории и культуры народов Средней Азии, Казахстана и Восточного Туркестана.

Ш. Уалиханов на пути в Кашгар шел почти по гребням Центрального Тянь-Шаня. На этом участке маршрута он сделал несколько открытий.

Ш. Уалиханов исследовал Жетысу, озеро Иссык-Куль, Тянь-Шань и Восточный Туркестан.

Собрал богатейшую коллекцию представителей растительного и животного мира Казахстана. 21 февраля 1857 года Шокан Уалиханов был избран действительным членом Русского географического общества.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Ұлы ғалым» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымау керек.
- Тұжырымдарды дәйектей білу қажет.
- Өмірмен байланыстыру керек.
- Өзіндік ой, тың пікір болуы керек.
- Баяндау стилі жатық болуы шарт.
- Көріктеуіш құралдарды ұтымды пайдалану қажет.
- Қөлемі — 100-150 сөз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Ғалымның күнделігін негізге алып, саяхаттаған жерің туралы күнделік жаз.

#### Талаптар:

- Мәтін қызық болуы керек.
- Әдеби тілде жазылуы шарт.
- Сөздерді орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу керек.
- Баяндау стилі жатық болуы шарт.
- Көріктеуіш құралдарды ұтымды пайдалану қажет.
- Қөлемі — 40-50 сөз.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Шоқан Уәлиханов — XIX ғасырда қазақ даласында туған ағартушы.

# Шоқан Уәлиханов

## «Жаңғария очерктері»

### (ұзінгі)



#### ЖАҢА СӨЗДЕР

керуен, емін-еркін, құрмет,  
шатыр, тоостаган

#### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

- Шоқан Уәлихановтың қандай еңбектерін білесіндер?
- Шоқан Уәлихановтың саяхаттары туралы не білесіндер?
- Фалым зерттеулерінде не туралы айтылады?

#### ЖАЗЫЛЫМ


**2-тапсырма.** Сөздерді пайдаланып, мәтін құра.

Керуен жолы, асу, шатқал, саяхат, саяхатшылар, екі күн, шатыр, көл, тұрғындар.

#### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Ш. Уәлиханов саяхатының екі бағыты туралы не білесің?

Керуен жолын картадан көрсете аласың ба?





## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

МӘТІНМЕҢ ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Мен Жонғарияда бірінші рет 1856 жылы болдым. Алғашқы ыстықкөл экспедициясына қатынастым. Соңан соң аз дегенде Құлжада үш ай тұрдым.

Жонғарияда барлығы бес ай болдым. Алакөлден Тянь-Шаньға дейін емін-еркін аралап шықтым.

Тозығы жеткен қайықпен керуен Іле өзенінен екі күн дегенде әрең өтіп болды. 17 күн дегенде Қарқара алабына әрең жеттік. Кеген мен Қарқараның жағасында бірен-саран жан қалған.

Жым-жырт далада біздің бірлі-жарлы шатырымыз ғана тұр. Керуенбасы мен қарттарымыз біраздан кейін қырғыздарға баруды үйіфарды.

1. Шоқан Уәлиханов Жонғарияда бірінші рет қай жылы болды?
2. Ол қандай экспедицияға қатысты?
3. Құлжада неше ай тұрды?
4. Керуен Іле өзенінен немен өтті?
5. 17 күн дегенде қайда келді?
6. Керуенбасы мен қарттар қайда баруды үйіфарды?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құр. Әр абзацтағы тірек сөздерді теріп жаз. Құрған жоспарыңың негізінде мәтіннің мазмұнын баянда.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Ойыңды дәлелде.

Үшінші күн дегенде керуенге отырықшы қырғыз руларының басшылары келді. Бізді өздерінің ауыл-ауылдарына таратып әкетті. Ауылға келгеннен кейін біз сәлем беруге ауыл ақсақалының үйіне бардық. Үй иесі құрметпен күтіп алып, оюлы қара киізге отырғызыды. Шырағдан жақты. Қырғыз әйелдері бірнеше ағаш тостағандарға құйылған қымыз әкелді. Менің жолдасым оларға кептірген жеміс, пуліш, барқыт, моншақтар берді. Кейде олар досыма шағын ойын-сауық кешін үйымдастыратын. Олардың әнін естіген кезде жолдасым балаша шаттанып, қуанатын. Осылайша, қырғыздар арасында бір айдай тұрдық...

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша керекті сөздерді тіркестіріп жаз.

**Улғі:**

Ыстықкөл экспедициясына берді  
Құлжада әрен җеттік  
тозығы жеткен шатырларымыз ғана тұр  
Қарқара алабына баруды үйғарды  
бірлі-жарым қатынастым  
қырғыздарға қарай қайықпен  
қырғыз руларының үйіне бардық  
ауыл ақсақалының үш ай тұрдым  
қара киізге үйимдастыратын  
пүліш, моншақтар, барқыт отырғызды  
оыйн-сауық кешін басшылары келді

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Түрлі дереккөз бойынша Ш.Уәлихановтың саяхаттаратурын ақпарат жинаңдар. Соның негізінде постер құрандар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Жай сөйлемдерді дұрыс құрап жаз.

Құстардың бірнеше бар түрі Жонғарияда. Оның жыртқыш құстар ішінде да бар. Жергілікті халық құстардың көптігін жыртқыш байқапты. Шыбын-шіркейсіз мал жайылымға Жонғарияда жайылады емін-еркін. Көшпелі күзде қарай қоныс ел аударады. Екі түрлі халық Жонғарияда тұрады: буряттар мен қырғыздар нағыз.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Шоқан Уәлихановтың Жонғария сапары туралы 6 сұрақ дайында. Көршінен сұра. Екеуің 10-12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрындар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Дереккөздерден Шоқан Уәлиханов туралы, саяхаттары жайында мәліметтерді тауып, ассоциаграмма құра.

Қойылатын талап:  
көлемі — 4-6 сөйлем;  
үстеулерді қолдану;  
тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді пайдалану.

# Нәтижесабак. Мен не үйрептім?

11-  
сабак

ОЙТУРТКІ

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Суретке қараңдар. «Жетісу Алатауы» паркі жайында шағын мәтін құрандар. Теңеу, эпитеттерді пайдаланыңдар.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мазмұнда.

Жонғарияны үш алапқа бөлуге болады. Олар: таулы алап, тау аралас алап, тегістік алап. Таулы алапта бұғы, тау ешкі, арқар, қасқыр, қызыл түлкі сияқты сүтқоректі жануарлар мекен етеді. Тау аралас алапта жолбарыс, барыс, қабан, бөкен, жайран, кірпі, қырғауыл кездеседі. Бұл жануарлар тегістік алапта да өте көп болады. Жонғариядағы жануарлар қазақ жерінің онтүстігіндегі жануарларға ұқсайды.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Жонғарияны неше алапқа бөлуге болады?
2. Таулы алапта қандай жануарлар мекен етеді?
3. Сүтқоректі жануарларға нелер жатады?
4. Тау аралас алапта қандай жануарлар кездеседі?
5. Тегістік алапта қандай жануарлар кездеседі?

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жағдаят: шетелден досың қыдырып келді. Ол Қазақстанның көрікті жерлері туралы білгісі келеді екен. Оған не дер едің? Қазақстанның көрікті жерлерін қалай таныстырасың?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Төмендегі тақырыптардың бірін таңдап, фотоколлаж дайында. Оны сыйыпта қорға.

- Шымбұлақ шатқалы
- Шайтанкөлге саяхат
- Ш. Үәлиханов
- Жонғария сапары

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «Жонғария табиғаты» деген тақырыпта эссе жаз.

### Талаптар:

- Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт.
- Тақырыптан ауытқымау керек.
- Тұжырымдарды дәйектей білу қажет.
- Өмірмен байланыстыру керек.
- Өзіндік ойын, тың пікір болуы керек.
- Баяндау стилі жатық болуы шарт.
- Көрітеуіш құралдарды ұтымды пайдалану қажет.
- Көлемі — 100-150 сөз.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Шығу парагы тәсілі бойынша сұрақтарға жауап жаз.

- Бүгін не үйрендіңдер?
- Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
- Келесі сабакта қандай мәселелерге назар аудару керек?
- Сабақ қызық өтті ме?
- Сен үшін сабақ несімен құнды болды?
- Сабақ барысында үйреніп, білгендерің болашақта керек бола ма?

## 8. БОЛАШАҚТЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ

кәсіп — ремесло; специальность  
мүмкіндік — возможность  
білікті — умелый (-ая; -ое; -ые)  
сала — сфера  
арманда — мечтай  
дамытты — развивал  
салыстыр — сравнивай  
анықта — определи

шығармашыл — творческий (-ая; -ое;  
-ие)  
талдау — анализировать; разобраться  
талапкер — абитуриент  
дәріс — лекция  
тырысу — стремиться  
іріктеу — отбирать

## 9. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ «ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ». Д. ДОСЖАН «ЖІБЕК ЖОЛЫ» (ҮЗІНДІ)

бағалы — ценный (-ая; -ое; -ые)  
тауар — товар  
киім-кешек — одежда  
мақпал — плюш; бархат  
мата — ткань  
жібек — шелк  
жәрменеке — ярмарка  
базар — рынок

саудагер — торговец  
«Ұлы Жібек жолымен» саудагерлер Фергананың әйгілі жүйрік аттарын, араб және түркмен арғымақтарын және т.б. аңдар мен құстарды сату үшін алып өткен. — По «Великому Шелковому пути» торговцы провозили на продажу знаменитых скакунов Ферганы, арабских и туркменских скакунов, а также других зверей и птиц.

гүлден — расцветай  
отырықшы — оседлый (-ая; -ое; -ые)  
таралу — распределение;  
передаваться  
өрік — урюк  
мейіз — изюм  
тие — грузи  
торап — перекресток дорог; узел

кесене — мавзолей (надмогильное сооружение;

надгробие с куполом)  
Қожа Ахмет Ясауи кесенесі — мавзолей Ходжа Ахмета Ясави  
Құралай құлу кесенесі — надгробие красавицы Куралай

зәулім күмбез — огромный купол  
Ахмет Ясауи ескерткіші — Орта Азия мен Қазақстандағы біздің заманымызға дейін сақталған, ең зәулім күмбезді, қыштан соғылған ғимарат. — Памятник Ахмету Ясауи — сохранившееся до наших дней в Средней Азии и Казахстане здание из глиняного кирпича с огромным куполом.

тәу ету (тағым ету, табыну, құрметтеу) — 1) поклонение; моление; почитание, преклонение; 2) поклониться (считая священным); помолиться; почитать

тайқазан — большой котел, в котором варят мясо целого стригуна;  
тайказан  
Тайқазаның сыйымдылығы — емкость тайказана

монша — баня  
шығыс моншасы — восточная баня  
Маған шығыс моншасы үнайды. —

Мне нравится  
восточная баня.

қорған — курган  
соқпақ — тропинка

құдірет — всемогущество; сила  
Отырадың бүгінгі құдіреті ше? —  
Сохранилось ли всемогущество  
Отырара до нашего времени?

таусылмас — неисчерпаемый;  
неиссякаемый; бесконечный (-ая; -ое;  
-ые)

Саудагерлер таусылмас жолға  
шығады. — Торговцы бесконечно  
выезжали в дальнюю дорогу.  
(Торговцы все время в пути).

көріпкел — ясновидец  
сәуегей — предсказатель  
Отырарда қазір нешеме ғулама,  
әнерпаз, көріпкел, сәуегей, зергер  
мекен етеді. — В настоящее время  
в Отыраре живут много ученые,  
ясновидцы, предсказатели, ювелиры.

салтанатқа бөлеу — чествовать  
байлыққа белшеден бату — в  
изобилии  
Осының өзі туған қаласын салтанатқа  
бөлеп, байлыққа белшеден  
батыра берді. — И это позволило  
воздордиться родному городу и жить в  
изобилии.

дамылдау — передохнуть  
Саудагерлер кен сарайда қонып  
дамылдайды. — Торговцы  
останавливаются на ночлег в  
просторных караван-салях  
(дворцах).

негізгі — основной (-ая; -ое; -ые)  
жалғасу — продолжение

ғулама — мудрец; признанный  
ученый  
Кітапта ұлы ғулама қоғам туралы

айтқан. — В этой книге великий  
мудрец рассказывал об обществе.

ізгі — добный; благородный (-ая; -ое;  
-ые)

«Адамдары бақытты болу үшін бір-  
біріне көмектесіп отыру мақсатымен  
бірлескен қала ізгі қала болады,  
халқы бақытқа жету үшін өзара  
көмектесіп отыратын қоғам да ізгі  
қоғам болады», — дейді. — Он  
говорит: «Город, в котором жители  
объединились с целью помочь друг  
другу — будет священным городом,  
и общество станет благородным,  
когда будет помогать людям с целью  
осчастливить народ.

надан — неуч; невежда;  
безграмотный (-ая, -ое; -ые)  
Әбу Насыр бабасы надан қалалардың  
сегіз түрін көрсетеді. — Предок Абу  
Насыр делит невежественные города  
на восемь видов.

бас пайда — личные интересы;  
личная выгода  
жұрттың мұддесі — права людей  
Бұл қалалардың халқы бас пайдасын  
жұрт мұддесінен жоғары қояды,  
өзімшіл, менмен, мақтаншақ  
келеді. — Жители этих городов  
были зазнавшимися эгоистами,  
хвастливыми, и ставили личные  
интересы выше интересов общества.

ауызбірлік — единство  
Ауызбірлігі мол, түсінігі терең, бір-  
біріне қол ұшын беріп отыратын  
қаласы — осы Отырар емес пе? — Не  
Отырар ли город, в котором  
жители помогают друг другу и живут  
в мире и согласии?

әулие — святой  
Оны халық «әулие кісі» деп  
құрметтейді. — Народ его почитал  
как святого.

жұмырлана өрілу — округленное плетение  
Кенересі жұмырлана өріліпті. — Край окруженно заплетен  
қызығалдақ қауызындей — как бутон тюльпана  
Төрт қабырға да жарылған қызығалдақ қауызындей тепе-тең, жұмыр қабыргадан тұрады екен. — Также все четыре стены окружены и разделены на равные половины, как бутон тюльпана.

құлаш — размах; мера длины  
Ымырат табалдырығынан аттаған жан бірден ең үлкен, ауданы он сегіз жарым құлаш келетін орталық бөлмеге енеді. — Человек с порога мавзолея попадает в самую большую

по площади центральную комнату на восемнадцать с половиной квадратных метров.

өлшем — мера  
осыншама алып құрылысты дәлмегдәл өлшеп салу — точно измерить такое огромное строительство

белдеу — географический пояс  
Ұлы дала қоңыржай белдеуде орналасқан. — Великая степь расположена на тропическом поясе.

ынтымақтастық — солидарность  
ықпалдастық — влияние  
асу — перевал  
тарту ету — подарить  
төмендеу — понижаться

## 10. ЖЕР БАЙЛЫҚЫНА АЯУЛЫ КӨЗҚАРАС

шикізат — сырье  
қазба — раскопки  
кен — месторождение; рудник;  
полезные ископаемые  
кеніш — карьер; сокровище  
мәрмәр — мрамор  
қорғасын — свинец  
жез — медь; латунь  
еру — таять  
жанғыш — возгарающее  
құмтас — песчаник  
мырыш — цинк  
мұнай — нефть  
құбыр — трубопровод  
  
баба — предок  
шөл — пустыня  
қоңыржай — умеренно  
аймақ — регион  
бидай — пшеница  
арпа — овес

куріш — рис  
топырақ — почва  
бедер — шершавый, шероховатый (-ая; -ое; -ые)  
сарғыш — желтоватый (-ая; -ое; -ые)

тағдыр — судьба  
жұбайы — супруг  
түнілмейді — не разочаровывается  
адамзат — человечество  
асыраушысы — кормилец  
жинақталған бейне — собирательный образ  
құдіретті — священный (-ая; -ое; -ые)  
таусылу — иссекать; истощаться  
келтір — ввести; придать

қайғы — печаль  
мінажат ету — молиться  
орақшылар — жнецы  
бейнеткер — трудяга

## II. ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ – ҚАЗАҚСТАН МАҚТАҢЫШЫ

жігер — сила; упорство  
женімпаз — победитель  
жүлде — приз  
оз — опереди  
жең — выиграй

мәрте — престиж; статус  
сайыс — соревнование  
иегер — призер

жанқүйер — болельщик  
біздің жанқүйерлеріміз — наши болельщики  
команданың жанқүйерлері — болельщики команды  
жанқүйерлер жиналды — болельщики собрались  
жанқүйерлер қолдады — болельщики поддержали  
Футбол жанқүйерлері өз командасын белсенді қолдады. — Футбольные болельщики активно поддерживали свою команду.

жаттықтыруши — тренер  
команданың жаттықтырушысы — тренер команды  
менің жаттықтырушым — мой тренер  
жақсы жаттықтыруши — хороший

тренер  
белгілі жаттықтыруши — известный тренер  
жаттықтырушының жұмысы — работа тренера  
Жаттықтырушының жұмысы қын. — Работа тренера сложна.  
Ол — еңбек сінірген жаттықтыруши. — Он заслуженный тренер.

алайда — однако  
табанды — стойкий  
тыныссыз — без отдыха  
жұдырықтас — боксируй

мәре — финиш  
мерей — честь; успех; авторитет  
үлес — вклад  
үпай — баллы  
баулы — шнурковый (-ая; -ое; -ые)  
жар — крутой берег; обрыв

елең қылмау — не обращать внимания  
тендесі жоқ — несравненный (-ая; -ое; -ые)  
жою — искоренить

### 12 ТАҚЫРЫП. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА! АБАЙ ҚҰНАҢБАЙҰЛЫ. ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫ.

шеберлік — мастерство  
данышпан — мудрый (-ая; -ое; -ые)  
надандық — невежество  
рақымшыл — добрый (-ая; -ое; -ые)  
сипатта — характеризуй  
өнерпаз — талантливый (-ая; -ое; -ые)  
суретте — опиши  
әділетсіздік — несправедливость  
таңырқа — удивляйся  
шаттан — радуйся; веселись

жазғытұры — весна  
масатыдай құлпыру — расцвести, как плющ  
елжіреу — умиляться  
сыз — сырость

көгорай — высокая густая трава;  
зелень  
жарамсақтану — подхалимничать  
жалпылдау — угождать кому-то  
құрқіреу — греметь

бәйге ат — скаковая лошадь  
дымқыл — влажный (-ая; -ое; -ые)  
тұман — туман  
әлек — возня; хлопоты  
әуес — любопытный; увлеченный (-ая; -ое; -ые)  
денелі — здоровый (-ая; -ое; -ые)  
әсемпаз — кокетливый (-ая; -ое; -ые)

зейінді — внимательный (-ая; -ое; -ые)  
көн — покорись; смирись  
әділдік — справедливость  
жирену — испытывать чувство  
отвращения  
үскірік — лютый мороз  
қырау — иней  
долдану — взбеситься; рассвирепеть  
кәрі құда — старый сват

## 13. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТЫҚ ҚОЛОЖЕРІ

ою-өрнек — узоры  
сырмақ — войлочный ковер  
бас — голова; наступи  
құрал-сайман — инструменты  
ер-тұрман — сбруя  
жинас — мебель  
киімлігіш — вешалка  
әшекейлеген — украшена  
жону — обтесывать, точить  
тұсқіз — настенный ковер  
кесте — вышивка  
  
әйел — женщина  
білезік — браслет  
сақина — кольцо  
тіл-көз — сглаз  
сақтайды — бережет  
тағады — надевает  
сән-салтанат — торжество  
сәукеле — национальный свадебный  
головной убор невесты  
ине — иголка  
қайши — ножницы  
  
былғары — кожа  
сүйек — кости

қамшы — кнут  
сап — рукоятка  
көрме — выставка  
кәдесый — сувенир  
  
жасау — делать  
жіп — нитка  
тымақ — тумак; шапка ушанка;  
малахай  
иіп жіберу — перегнуть; согнуть  
жағымсып — подлизываясь  
танау шүйіру — задирать нос;  
зазнаваться  
ши — чий (песчаный тростник)  
  
бір құшақ — охапка  
арқалап — ташил на спине  
тасы — носи  
мая — стог  
толтыр — наполни  
астау — посуда  
келі — ступа  
төркін — родители и родня замужней  
женщины  
ілмек — защелка; петля; узел

## 15-ТАҚЫРЫП. САЯХАТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

жаға — берег  
қамысты — камышовый (-ая; -ое; -ые)  
шипалы — целебный (-ая, -ое, -ые)

шипалы шөпттер — целебные травы  
шипалы су — целебная вода  
суы шипалы бұлақтар — целебный

## источник

Алматы қаласының маңында шипалы бұлақтар бар. — Недалеко от города Алматы расположены целебные источники.

борпылдық жыныстар — рыхлые, рассыпчатые породы

шөгінділер — отложения

тау шатқалы — горные каньоны

аспа жол — канатная дорога

мұздық — ледник

шаңғы мектебі — лыжная школа

әйгілі — знаменитый (-ая; -ое; -ые)

қалалық — городской (-ая; -ое; -ые)

мән — значение; смысл

қойылым — постановка

әүескөй — любитель

нысан — цель

ағартушы — просветитель

алғыр — способный (-ая; -ое; -ые)

өлкетану — краеведение

тәнымдық — познавательный (-ая;  
-ое; -ые)

атақоныс — земля предков

зерек — способный (-ая; -ое; -ые)

әдәт-ғұрып — традиции, обычаи

діні ұғымдар — традиции и обычаи,  
религиозные понятия

керуен — караван

емін-еркін — свободно

құрмет — почет; почесть

шатыр — шатер

тостаған — деревянная чашка, пиала

# Мазмұны

## 8. Болашақтың мамандықтары

### (А. Машановтың «Жер астына саяхат» шығармасы бойынша)

1-2-сабақтар. Мамандық неден басталған?	4
3-4-сабақтар. «Жер астына саяхат» — мамандықтар сиро туралы кітап	8
5-6-сабақтар. Ең жақсы мамандық	12
7-8-сабақтар. Кімге үқсағың келеді?	15
9-10-сабақтар. Әртіспен кездесу үйымдастырамыз	18
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	21

## 9. Қазақстан және «Ұлы Жібек жолы».

### (Д. Досжан «Жібек жолы» (үзінді)

1-2-сабақтар. Рухани мұрамыз туралы не білесің?	22
3-4-сабақтар. Түркістан — тарихи қала	25
5-6-сабақтар. Д. Досжан «Жібек жолы» (үзінді)	28
7-8-сабақтар. Отырарлық ғалым	31
9-10-сабақтар. Арыстан бап кесенесі	34
11-12-сабақтар. «Жібек жолы» жобасы	37
13-14-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	40

## 10. Жер байлығына аяулы кезқарас

1-2-сабақтар. Қазақстан картасы бойынша елімізді аралайық!	44
3-4-сабақтар. Ұлы дала елі	48
5-6-сабақтар. Шыңғыс Айтматов — халық жазушысы	52
7-8-сабақтар. Ш.Т. Айтматов «Ана-Жер-Ана» повесі (үзінді)	55
9-10-сабақтар. Ш.Т. Айтматов «Ана-Жер-Ана» повесі (үзінді)	58
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	62

## 11. Олимпиада женімпаздары — Қазақстан мақтанышы

1-2-сабақтар. Ел намысын қорғаған Бақтияр Артаев	63
3-4-сабақтар. Былғары қолғап шеберлері	67
5-6-сабақтар. Қай спорт секциясына жазылдың?	71
7-8-сабақтар. М.Әлімбаев «Шынықсан», шымыр боларсың...	73
9-10-сабақтар. Ә. Дүйсенбиев «Құшті болсам егер мен...»	77
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не білдім?	81

## 12. Абайды оқы, таңырқа!

### Абай Құнанбайұлы. Табиғат лирикасы

1-2-сабақтар. Абай — лирик ақын	82
3-4-сабақтар. Жазғытуры қалмайды қыстың сзызы	86
5-6-сабақтар. Жаздығун шілде болғанда	90
7-8-сабақтар. Сүр бүлт туси сүық қаптайды аспан	93
9-10-сабақтар. Ақ киімді, денелі, ақ сақалды	96
11-12-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	98

### **13. Қазақтың үлттық қолөнері**

1-2-сабактар. Қазақтың үлттық қолөнері.....	100
3-4-сабактар. Қазақтың зергерлік өнері.....	105
5-6-сабактар. «Зергерлік өнер» көрмесі.....	109
7-8-сабактар. Оралхан Бекей «Аламның астаяу» (үзінді) .....	112
9-10-сабактар. Оралхан Бекей «Аламның астаяу» (үзінді) .....	115
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	117

### **14. Өлкені сипаттау өнері**

1-2-сабактар. Менің өлкем .....	119
3-4-сабактар. Менің өлкемнің табиғаты .....	124
5-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	127

### **15. Саяхат және туризм**

1-2-сабактар. Қазақстанды аралаймыз .....	129
3-4-сабактар. Аспа жолмен көтерілдік.....	133
5-6-сабактар. Әлемге танымал Шымбұлақ.....	136
7-8-сабактар. Шоқан Үәлиханов «Жонғария очерктері» (үзінді).....	139
9-10-сабактар. Шоқан Үәлиханов «Жонғария очерктері» (үзінді) .....	143
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	146

## Электрондық оқулық



Оқу басылымы

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,  
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек.  
Оқулық  
2-бөлім

Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған

Әдіскер: Б. Қ. Мүкеева  
Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева  
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотосуретші: П. Михеев  
Мұқаба арленімі: Д. Н. Буксикова  
Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев  
Беттеуші: С. Қыдырбай

17.09.20. басылымға жіберілді. Пішімі:  
70×100 1/16. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі.  
Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы 12,6  
Таралымы: ...  
«Реформа» ЖШС-нде басылған.

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,  
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А үй  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.kokziek-gorisont.com](http://www.kokziek-gorisont.com)

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,  
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек.  
Учебник  
Часть 2

Для 6 класса  
11-летней общеобразовательной школы  
с неказахским языком обучения

Методист: Б. К. Мүкеева  
Редакторы: М. А. Рыскулов, О. С. Жұбаева  
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотограф: П. Михеев  
Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова  
Технический редактор: Д. К. Тынбаев  
Компьютерная верстка: С. Қыдырбай

Подписано в печать 17.09.20. Формат  
70×100 1/16. Печать офсетная. Гарнитура  
«DIN». Бумага офсетная. Усл. печ. л. 12,6  
Тираж: ...  
Отпечатано ТОО «Реформа»

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,  
г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А  
тел. +7 (727) 220 76 60  
[www.kokziek-gorisont.com](http://www.kokziek-gorisont.com)



«Көкжиеқ-Горизонт» баспасы

«Көкжиеқ-Горизонт» баспасы